

©18

# КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ



4

20081

# МӘҢГІ ШЫРАҚ

Кәкімбек Салықов

# МӘҢГІ ШЫРАҚ

*ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР*



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
*А л м а т ы — 1979.*

**Салықов Кәкімбек**

**С 18** Мәңгі шырақ. Өлеңдер мен поэмалар.— Алматы.  
«Жазушы», 1979.— 192 бет.

Белгілі ақын Кәкімбек Салықов «Мәңгі шырақ» атты жаңа жинағында замана ұлылығын, замандастарымыздың жарқын бейнесін жырлайды. Отанға, партияға деген шексіз сүйіспеншілік К. Салықов өлеңдерінің мазмұнын байытып, оқушы жүрегіне жол табады.

Қаз 2

С  $\frac{70403 — 37}{402(07)78}$  96—79 4702023020

© «Жазушы» 1979

012

# **ЖҮРЕКТЕ СӨНБЕС МӘҢГИ ОТПАР**



Бақытты қызық өмірдің,  
Өлеңі болып өрілдім.  
Ақ сүтін анам кешсін деп,  
Барымды сарқа төгілдім.

Ырыс қоссам ырысқа,  
Төгілдім деуім дұрыс па.  
Менің де тамған терім бар,  
Балқыған мыс пен құрышта.

Жегіліп егіз жұмысқа  
Мән бермей келем тынысқа.  
Бойыңда барды аядың,  
Деп қана елім ұрыспа.

## МЕТРОДА

### I

Түсіп кеттім метроға тағы да,  
Мың-мың халық бара жатыр ағыла.  
Көпшіл адам кекшіл емес, кезекшіл,  
Бәрі керек ақындықтың бағына.

Мәскеуліктер ентелейді бұрылмай,  
Жүгіреді бір ырғақта бірыңғай.  
Жымияды баяу басқан қалпыма,  
Ауылмысың?— дегендей-ақ қырындай.

— Иә, ағайын,  
Байқоңырлық ауылмын,  
Бәсең емес мен де құйын дауылмын.  
Түйе мініп космодромға жеткенде,  
Шолпанды іздеп ұшуға да тәуірмін,—

дегің келіп,  
Үндемей де өтесің,  
Қыздырмайсың қызулының шекесін.  
Баяғыда біз де шапшаң жүгірдік,  
Енді іздейміз саспай жетер төтесін.

### II

Кете бардым,  
Эскалатор астымда.  
Шахтер адам метроңнан сассын ба.  
— Ей, москвичка! Келбетіңді көрсетші,  
Асықпашы, әдейі жылдам бастың ба?—

дегім келіп,  
Біқшамдалам құр аттай,

Келіншекті көру, көрмеу мұраттай.  
Бірақ... бірақ...  
Қиғаш қастан қаймығам,  
Қасарғанды қала ма деп ұнатпай.

Сонда тағы елестейсің, сен, жаным,  
Баяулаймын, адым шақтап тең жарым.  
Ұмыттырмайды сая болған метро,  
Ұмыттырмайды үйде күткен сен барын.

О, метро!  
Жүгірмеймін бүгін мен,  
Мәскеуліктер, түсіңдер түрімнен.  
Қызға асығып лекциялардан зытқанда,  
Мен де тәуір өздеріңдей жүгіргем.

Қайдан келіп қалған деме бұл есті  
Ұлым алды Эстафета үлесті.  
Мен ақырын жүріп бара жатырмын,  
Ойға шомып сол күндергі бір ескі.



# МӘҢГІЛІК ОТЫ ҚАСЫНДА

## Бірінші өлең

Александров бақшасы,  
Кремль түбіндегі,  
Тебірентті тым өзгеше бүгін мені.  
Тірі жалын лаулайды  
алтын белгі,  
Өлместік пен өлімнің жігіндегі.

Асау жалын,  
ақ жалын ағындайды,  
Мәңгілік оты ол бекер жағылмайды.  
Жеңіс туы сияқты желбіреді,  
Дауылыңа, желіңе бағынбайды.

Ұшқын көрсең көзімнің шарасынан,  
Балқып шыққан ақ маржан таза шығар,  
Таныс бейне елестеп, қарай қалды  
Қызыл шырай от жалын арасынан.

Көп жазбап ем  
От жайлы, жалын жайлы.  
Бүгін шабыт өзгеше жалындайды.  
Шырт ұйқыдан оянған жас баладай,  
Өмір сырын өзгертпей қабылдайды.

Қай қияға екі көз қаратпады,  
Ағыл-тегіл ой өрнек қабаттады.  
Осы ма екен жанымды жаңартпағы,  
Қоңыраулатты Кремль сағаттары.

Күміс жалын, желкілдеп өріліп тұр,  
Шыршаларды құлпыртты төгіліп нұр.  
Көмескіні көркейткен ақ сәуледен,  
Бала күндер баяғы көрініп тұр.

Соғыс жайлы тынбайтын бір күн кеңес,  
Ауыл қалай жат сөзге дүркіремес.  
Атам байғұс зіл түйіп, нық айтатын:  
«Белгісіз өлу ер үшін мүмкін емес!»

Сол сөздердей жадымда сөнбей қалған,  
Осынау жалын күдікті сермейді әрман.  
Сөнген жүрек мәңгілік лаулап тұрса,  
Дұрыс екен өлімге сенбей қалған.

### Екінші өлең

Қара қағазға, анашым, сенбегенің  
Ардағыңды қалай да көрмек едің.  
Үміт — сенім үзілмес қуат беріп,  
Дұрыс болды күйреуге көнбегенің.

Қайда жүрсем әл беріп ойлы нұрың,  
Тосты өмір маған да тойлы гүлін.  
Ұлым — қызым еркелеп көз алдымда,  
Өкінішін көкірек жойды бүгін.

Күңгірт күнді күлкіге жарымаған,  
Қасақана боламын танымаған.  
Жадау сәтте өлең — дос сүйеу болды,  
Өзге қылық бойыма дарымаған.

Еңбек етпей, не бітер күрсінуден,  
Жаным ада тірілікке түршігуден.  
Шыбық бітсе сақтандым орман деуден,  
Өзіме өзім аулақпын сүйсінуден.

Ерте тисе қыс қырау ерке гүлге,  
Қуанышты бүгінім, ертеңім де.  
Туған елдің аялап алақаны,  
Белгісіз солдат бақыт бар өркенінде.

Ойланатын,  
Өтейтін парызым көп,  
Бас сауғалап, қайтейін, жан үзімдеп;  
Жүректерден көп жылу алып едім,  
Қайтармасам жыр тоқтап, ән үзілмек.

Өзіңсің ғой, анашым,  
Анық әнім,  
Айтылмаған ой деген әлі қалың.  
Ұлың тіккен отауды көре алмадың,  
Содан болар,  
Кейде көп сағынамын.

Жалғастырған сәулеті аспан, жерді,  
Бейітіңе қоймадым асқар белгі.  
Көз жұмғанша мен бірақ жырлап өтем,  
Жалғызтауда сен ұйықтап жатқан жерді.

#### Үшінші өлең

Сәулем-ау сені,  
Аз айттым ба жырымда,  
Келеді әлі азайтқым да шынында.  
Аққулы көл, киікті дала келбеті,  
Құштар етіп,  
Бермейді жанға тыным да.

Саған жетер сұлу бар сонда демеймін,  
Сақтану жоқ,  
Мақтануға да кедеймін.  
Өзіміз жайлы қайталай беріп не керек,  
Өзімше бастап ел сырын айтып кеңейдім.

Қандай пәле сені менен айырар,  
Сүйгендігім өлеңсіз де жайылар.  
Кеудемдегі жүрегім сендік болған соң  
Өзіңмен ғана құпиялы жайы бар.

Таңдайыма бал ләззәттің татыған,  
Жалынға жалын жалғасқан жаным ғашық ән,  
Қайталайын мәңгілік оты қасында,  
Бар бақытты қай пендеден жасырам.

Айтар сөзді зиялап, зерлеп байқайын,  
Әсіре қызыл қайтейін еңшең айқайын.  
Адалдығың үшін,  
Алтын ұя атынан,  
Аяулы жерде алғысымды айтайын.

#### Төртінші элең

Бір кәдеңе ей, уақыт, жарайым ба?  
Дос жоқ емес, әйтеуір, маңайымда.  
Мәжілістес солармен өз орным бар,  
Ақындық пен әлеумет сарайында.

Білем, дүние жаңылмас есебінен,  
Досың көп деп,  
Төсемес көше кілем.  
Жолым өрлеу,  
Асулар көп болған соң,  
Қаталдаумын өзіме кешегіден.

Көріп, білген  
Бар болса ұққаным да,  
Жаным құштар дөп басар мықты адымға.  
Достарыммен өмірдің сырын білдім,  
Есерлердің кетпесем ықпалында.

Арлы досқа кең жайлау кілемдеймін,  
Ақ ниетін айтпай-ақ білер деймін.  
Бірақ, байқа!  
Тіреусіз өтсем-дағы,  
Жаман досқа ешқашан тіренбеймін.

Құшағым кең,  
Құлшынсам ашылуға,  
Тік айтайын,  
Көнбеймін басынуға.  
Ерте оянды жүрегім,  
Жаным сергек,  
Әлек болма бір қулық асыруға.

Сыйласарлық тартымды болса ырымым,  
Ерте кеткен біреудің мен де ұлымын.  
Өзіңе өзің сенбесең аулақтау жүр,  
Адал таза достықтың шын құлымын.

Сен де тыңда,  
Мен жөндеп тыңдайды екем,  
Морт емеспін,  
Сынай бер сынбай кетем.  
Досы жоқтың мен білген ақылдысы,  
Дұшпанын да амалсыз тыңдайды екен.

Көргенімді қайтейін түске теліп,  
Бой көрсетіп жүрген жоқ,  
Күшке сеніп.  
Доспын десең, жігітім,  
Мен келемін,  
Айтқан сөзге үйлескен іске сеніп.

#### Бесінші өлең

Жолдастықтан жаралған байтақ елімде,  
Мерейлімін сүйсініп ортақ сенімге.  
Отан — ана баяғыдан біледі,  
Көш бұзбайтын мінезімді менің де.

Қазақпын десем біреуден артық емеспін,  
Төс қақпасам,

Тасада қалдым демеспін.  
Тың жерге шыққан ақ бидайдай тазамын,  
Өрісім кең біркелкі қаулап тең өстім.

Белгісіз солдат бейітіндегі тасынан,  
Бір сөз оқып жыр жазуға асығам.  
Туған ел үшін қан майданда жан қиса,  
Орнапты белгі Қызыл Алаң қасынан.

Тағдыры сол ғой,  
Жолдастық сүйген кісінің,  
Таңбасы айқын,  
Тетігі терең ісінің.  
«Ата көрген оқ жонар»— деп ойлай бер,  
Мәңгі оттарға ұқсап тұрса пішінім.

Білуім қажет ниеттің оң мен терісін,  
Жасқаншақ деме,  
Жасасам сыйлы келісім.  
Арамызда шекара деген жоқ деп біл,  
Шын жолдас болсаң  
Оққа да ұшам сен үшін.

Жалғандық жоқ,  
Жүректің айтсам жарлығын,  
Көп іздедім ой менен сөздің дәлдігін.  
Планетаны аралап жүрсем алаңсыз  
Мүддесі ортақ жолдастарыммен әлдімін.

#### Алтыншы өлең

Отан — ана!  
Тағдырыма мақтанам,  
Төгіле айтам,  
Кезім жоқ сезім шақтаған.  
Өзіңсің ғой сүйемелдеп, жетілткен,  
Белгісіз солдат белгісін есен сақтаған.

О, туған жері  
Өсірген бауың гүлдепті,  
Ол қарыздар,  
Әлі де көп, көп міндетті.  
Өзіңді сүйген әмірі сол жүректің,  
Төсіме бассам аязда қалған жидекті.

Белгісіздердің бұтағы болсақ бұлқынған,  
Молшылық көрдік көркейіп дүние құлпырған.  
Өзіңмен бірге  
Адымдап бара жатырмыз,  
Болашақтарға кең құлаштап ұмтылған.

Аз сөзбен айтсам іңкәрліктің үкімін,  
Тік шырқап қостар,  
Шаңырақтан шыққан түтінім.  
Туған анам ақ сүтіндей сыйлаймын,  
Уыс топырақ,  
Ауаңның асыл жұтымын.

#### Жетінші өлең

Не керек маған?  
Бере бер, өмір, сұрамай,  
Мін таққам жоқ,  
Мінезің мүлде ұнамай.  
Орнасын мәңгі тыныштық бүкіл әлемде,  
Алаңсыз жүрсін көлде аққу,  
Өрде құралай.

Дархан дүние сұлулығын сақтасын,  
Көрейік арман — болашақ бақыт бақшасын.  
Сол үшін де ең қажетім не десең;  
Біріне бірі адамдар оқ атпасын!—

Жалыну емес,  
Бұл менің ізгі арманым,

Тұрмын ғой көріп соғыстың кімді алғанын.  
«Белгісіз өлу»,  
«Достық зират» дегендер,  
Тілеймін көне тарихта ғана қалғанын.

Жоспарым айқын ертеңіме сенетін,  
Қызығым шексіз алдымда әлі көретін,  
Гүл тұнып жерім,  
Құлпырып елім келеді,  
Әділет жеңсін, жасама тірлік бөгетін.

Қатардан қалып тартқам жоқ ащы күйікті,  
Жүйріктердің бәрі де маған сүйікті.  
Жармаспаймын тізгініне озғанның,  
Көрем, деп келем өзіме лайық биікті.

Талабыма бармақтай бақыт, пана бол,  
Бәрін қайтем,  
Бір жырым, шіркін, дара бол.  
Барлығы емес,  
Немерем не бір шөберем,  
Бір-ақ рет жүз жылда келер дана бол.

Бақытым айқын,  
Білмедім көңіл бұлтағын,  
Сұлулау туар  
Бір таңымнан бір таңым.  
Маған десем баршаңа болсын дегенім,  
Өзімнен озсын соңымнан ерген ұрпағым.

Біз жетпеген биіктерге өрлесін,  
Кемістік тапса қаймықпай солар жөндесін.  
Өздері де орнатар талай ескерткіш,  
Біз тұтатқан мәңгілік оты сөнбесін.



## БОЛАШАҚ БАСПАЛДАҒЫ

Жыл өтті  
тойлы дархан қуанышты.  
Жыл жетті  
буырқанған бұла күшті.  
Жаңа заң тараулары құлшындырып,  
Алдыма алып келді ту алысты.

Бұлқынған тайга өзені асауланып,  
Бұрылды бүйірімен тас аударып.  
Қол созса Байкал — жігіт магистральмен,  
Амур — қыз күтінуде жасауланып.

Кел, жылым!  
Жарылқайын жыр ағынға,  
Шабытты үнім қалсын құлағыңда.  
Шашырар жүрегімнің ұшқындары,  
Шырайлы шыршалардың шырағында.

Кел, жылым,  
Дархан жылдар ырғағында,  
Салтанат жалғайын мен нұрлы ағынға.  
Бастайын жаңа қарқын  
Терім кеппей,  
Қос білек сыбанулы тұрғанында.

## ДАЛА ТҮНІ

Даланың түні-ай күндіздей,  
Алакөбе, ақтаңдақ.  
Қамысқа дыбыс ілгізбей,  
Өзенге қонды қасқалдақ.  
Құлын тұяқ жұлдыздар.  
Құйғытса биік аспандап,  
Құтырды, деп, сұм қыздар,  
Ай келіншек жасқанбақ.

Сыпыра басып шалғыннан,  
Бірінен бірі шапшаңдап,  
Топ киік өтті алдымнан,  
Текелері қақшаңдап.  
Саңғалдан самал есті жел,  
Жусанның исі астарлап,  
Комбайн үні естілер,  
Шамыңда ойнап ақ шаңдақ.

Тізілген оттар қадамын,  
Дермісің айға баспалдақ.  
Аэропорт алаңын,  
Көргендей сезім басқармақ.  
Тебірендім ақ түн ойнаса,  
Сәт туды ішпей мастанбақ.  
Осының бәрі болмаса  
Ақындық қайдан басталмақ.

Жолаушы сырын кім сезген,  
Жоламай келем қақ жолға.  
Директор шығар түн кезген,  
Жолықпай өтті ақ «Волга».  
Тыңдаймын көлдің күмбірін,  
Сырнайлатқан қарқындап.  
Махаббаттың гимнін,  
Созады аққу саңқылдап.

Сайраса бұлбұл төскейде,  
Естисің әрең жан шыдап;  
Жүректің шетін теспей ме,  
Қайта, қайта тамшылап.  
Құстардың әні ізгі құт,  
Әлдиіндей ананың.  
Пендесіндей үздігіп,  
Пернесі болдым даланың.

Қиялға қиял жалғадым,  
Үміт пен сенім көбейтіп.  
Қияға үнсіз самғадым,  
Көшесін көңіл кеңейтіп.  
Ұмтылдым алға құлшынып,  
Жоғалды өзге тосын ой.  
О, ғаламат тіршілік!  
Бейбітшілік осы ғой.

## ПАРЫЗЫМ

Періште емес  
Пендеміз ғой жаны үзім,  
Елеңдетер өткен жылдар саны ұзын.  
Кеншілікке ақындықты жалғадым,  
Туған елге өтелсін деп парызым.

Ауыр жүкті әкетпеуге арқалап,  
Жастайымнан жасап келем жан талап.  
Білегімді шынықтырсам кен қазып,  
Жүрегімді өлең алар жаңқалап.

Түнде көрген келіп жүрсе түсім дәл,  
Ұланғайыр бітпей жатқан ісім бар.  
Аңсап күткен адамдарды қуантып,  
Шабыт құсы сәлем алып ұшыңдар.

Маңдайымнан көрсең тамшы тамғанын,  
Осы деп біл лаулағаным, жанғаным.  
Бір арманым орындалса тірлікте,  
Жырға орап кетер едім қалғанын.

Кенші қолым берегей,  
Мырза көңіл ашықпын.  
Жер асылын телегей,  
Тез ашуға асықтым.

Күмісім жоқ алтынмен,  
Көп іздесем таппаған.  
Самародный қалпымен,  
Мен үшін таулар сақтаған.

Демеймін бекер терледім,  
Көтерді шабыт көңілді.  
Жер астынан тергенім,  
Жыр болып бүгін төгілді.

## ҚАМСАҚТЫ

Аулымның өзені алдымда  
Ол келді, әлде мен бардым ба?  
Балалық базары аңсатты,  
Жағаңда қалдырған, Қамсақты.

Алғашқы кездескен кезімдей,  
Жүректе жылт еткен сезімдей,  
Сүйіскен толқындар тамсанта,  
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Таусылмай айтар наз іңірден,  
Ұрсады-ау апам, деп, жүгірген,  
Өзіңдей қарайлап жан-жақты,  
Жүгіріп барады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай  
Сияқты желбіреп өтеді ай.  
Сағындым, сағыныш шаршатты,  
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

Алғашқы қарды күн сүйіп,  
Жасқантты көзді тұрғызбай.  
Құйғытып өтті қыз-киік,  
Сағыныш мойнын бұрғызбай.

Адасқан мал жоқ еңісте,  
Құстар да кетті ұялап.  
Сонарда содыр кезіксе,  
Сойылға жықтым қиялап.

Басылды аққан сарқырап,  
Тентек өзен құдыреті.  
Бер жағымен жарқырап,  
Сыр бермейді су беті.

## МАХАББАТТЫ ПАШ ЕТЕМ

Шырайлы жан сәулесін берген көпке,  
Жүректен жыр зауласа селдей төпке,  
Өмірді бар жаныммен сүйіп құшып,  
Махаббат паш етерім жер мен көкке!

Көрмедім ғасырыма өкпелеп те,  
Жыққан жоқ дауыл желі жекпе-жекте,  
Өзіңе Отан-ана еркелеп те  
Махаббат сырын айтам жер мен көкке!



## АРПАЛЫС

(профессор Е. Б. Мазога)

Ауырған ұлын Мәскеуге ағай әкелді  
Білмеген бала больница деген «пәтерді»  
Он жеті жасар, бозбала осы бүлдіршін,  
Жаңа сезген «қыз» деген қызық «жат елді».

Шалынған дертке жүрегі емес бүйрегі,  
Азапқа салып инедей іштен түйреді.  
«Жас қой — деп — әлі» анасы көзге жас алса,  
Екінші бүйрек өгіздей өрге сүйреді.

Сәті түсті. Басталды шаттық той легі,  
Еске салды дерсіңдер, бірақ ой нені,  
Операция жасарда доктор ағайға,  
— Рұхсат бер, қағазға қолды қой,— деді.

Топ жарған жігіт сындарлы жерде сөз алып,  
Үндемей қалды. Ақ қағаз жатыр бозарып.  
Іңиын-ау шіркін пышаққа қию баланы,  
Қиналғанын айтып тұрды көзі анық.

Қағазға төнді наз айтқандай құдайға,  
Іш тартады, ер жігіт қой жылай ма.  
Өз жаны шығып кетердей ауыр күрсініп,  
Қол қойды әрең. Осынша тағдыр сынай ма.

Арпалыстың әлегін қайтем жасырып,  
Қуантты сонда дәрігерлер өнер асырып.  
Ағамыздың жүзінен шаттық төгілді,  
Жеңгеміздің көзінен алғыс шашылып.

## БУДАПЕШТИ КӨРГЕНДЕ

Жатыр Дунай гүлдендіріп,  
Буда мен Пешт арасын.  
Көп көпірлер түрлендіріп,  
Жалғапты егіз жағасын.

Сұлу тұлға, сәулет қандай,  
Сәнді мүсін үйлескен.  
Туа тату ғашықтардай,  
Бір ырғақта билескен.

Көптен де көп сансыз мүсін,  
Қала мәрмәр жамылған,  
Әсем әуен жақсы ән үшін,  
Сәтті сөздей табылған.

Жаным толқып, денем ысып,  
Тұрдым Геллерт тауында,  
Ол әкелер оққа ұшып,  
Оралмаған ауылға.

Зор ескерткіш, зор монумент,  
Бізге сыры нанымды.  
Мадиярларға алғыс, құрмет,  
Ән де, сөз де ағылды.

Тебіреніс мол келбетімде  
Талай сезім тоғысқан.  
Ән де сөз де: жер бетінде,  
Сақтан — дейді — соғыстан.

## СӘКІДЕГІ МОЗАИКА

Ұсақ тастан оюлап салған сурет,  
Сәкіде екен сәнді өрнек,  
О, құдырет!  
Құшақтасып сұлу мен жігіт отыр,  
Геркулестей сом білек жұп-жұмыр ет.

Мозаика  
Римнің мәнерінде,  
Түрлі мәрмәр осында әдемің де,  
Көне сарай көп ғасыр шежіресі,  
Саяттайсың сұлулық әлемінде.

Сауыққандай сағыныш жарасынан,  
Бір-біріне кейпі бар жаны ашыған.  
Аш белінен айқарған жігіт қолы,  
Көрінеді қолаң шаш арасынан.

Қан тамырдай тас мәнер қиықтары,  
Қозғалады,  
Қыл кірпік шыбықтары.  
Жігіт күрең,  
Қыз аппақ күліп отыр,  
Жылынғандай жаураған иықтары.

Қара көзін батырға бұрғандай бар,  
Махаббатқа салтанат құрғандай бар.  
Бізді көріп  
Ұялып қалды-ау деймін,  
Тоқаш бетте қан ойнап тұрғандай бар.

Ақ денесі опамен сыланғандай  
Ғашық әлди бесікте уанғандай,  
Қиюласқан тас емес қарап тұрсаң,  
Қуаныштан дидары құралғандай.

Көз тынықты,  
Сабырлы саспай өттім.  
Ілби бердім,  
Жігінен аспай көптің.  
Суреттің үстімен жұрт жылжыса,  
Тітіркендім,  
Бұрылдым баспай өттім.

Қарап қалды жан өртеп көз тесердей  
Не айтайын тұжырым сөз кесердей.  
Мозаика көрсем мен шошып кетем,  
Қарсы алдымнан сол сұлу кездесердей.

Жалаңаш дене тас мүсін,  
Көшеде көрдік, жамиғат.  
Өзгертпес мәрмәр ақ түсін  
Ол да бір қызық табиғат.

Сарғайыпты бар ағаш,  
Күзгі жел жетіп қалаға.  
Келіншек мүсін жалаңаш,  
Япырмай жаурап қала ма?

Періштеге таңырқап,  
Пенде — деп сену бекер-ау.  
Қоштасарда жабырқап,  
Тағы да жалғыз кетем-ау.

Сұрайды кейде достарым,  
Жарыңның жаз деп сипатын.  
Ондайға құлақ тоспадым,  
Сипаттау емес сырқатым.

Жырыма болсаң сыралғы,  
Тербелттім сезім тұнығын,  
Келбеті сұлу, шырайлы,  
Жасырмас тәтті қылығын.

Не керек қолда гүлменен,  
Біреуді естен тандыру.  
Қажет пе бояп тілменен,  
Сұлуды сұлуландыру.

Бейнесі көңіл толғаса,  
Есіркеп, тәтті кеңесем.  
Өзгеден артық болмаса,  
Мен оны сүйдім демес ем.

Қуанам жерге гүл ексең,  
Құмарым сол ғой жастайғы.  
Жаныңа сұмдық түнетсең,  
Жүрегім есік ашпайды.

Саяма келсең самалдап,  
Жырыма терем гүл азық.  
Жақсыны жүрсең жамандап,  
Қаламын мүлде құлазып.

Бәйгеге бірге барсаң да,  
Құлагер болып жарысам.  
Озсаң да, кейін қалсаң да,  
Ақ ниетпен табысам.

Қанаттымын,  
Бәрібір ұшамын мен,  
Ұшпай қайтем жаралса құшағым кең.  
Жұлдыздарды достарға үлестіріп,  
Ай, күн емес өзіңді құшамын мен.

Аққу қазға сөйлер тіл үйретемін,  
Ақ маралды алдымда билетемін,  
Жүрегімді қолыңа жеке беріп,  
Өміріңді ғажайып сыйлы етемін.

Көкірегімде тасиды күй дегенің,  
Бәрін айтпай көп сырды түймеледім.  
Мақтанышым — ол сенің адалдығың,  
Менен артық ешкімді сүймегенің.



Жүз жылың жетпес бір жыл бар,  
Тірлікті түгел ақтайтын.  
Жүз жырың жетпес бір жыр бар,  
Сүйсініп елің жаттайтын.

Күн демей не түн демей,  
Сол жырға тұмар тағайын.  
Қияға ұшсам күндемей,  
Тілеулес болғай ағайын.

Ақындық пен кеншілік сағы сынбай,  
Ұшырады қос қанат қағысындай.  
Өзге түгіл өзіме көрінеді  
Құйысқандас қос жүйрік шабысындай.

Арманыма жетелеп алыстағы,  
Өлең мен кен мәреден қалыспады.  
Өзге түгіл өзіме елестейді,  
Сәуле менен дыбыстың жарысқаны.

## ШАХТАЛАСЫМ ВАСИЛИЙ РЕРИХКЕ

— Алло, бұл кім?  
— Мен ғой, Вася Рерих.  
— Василий-ау,  
Не болған саған шіреніп.  
Үйге кел, шәй іш,  
Мәскеуде  
Жезқазған жайлы соңғы хабар білелік.

Филидемін. Метро даяр.  
Кіріп шық.  
Жағдай жақсы. Үй-ішім аман. Тыныштық.  
Құшақтай кел забойдың жылы лебін,  
Кеншілердің сәлемін жеткіз бір ыстық.

Мектептес емес,  
Қыздарға сөзің байламдас,  
Солдат та емес,  
Жорықты күнде майдандас,  
Шахталастармыз қай биікте жүрсем де,  
Ешқайсыңды ұмытып басым айналмас.

Тастап кетпе,  
Қасыңда болса сыйлы адам.  
Дастархан кең,  
Жасамас тарлық үй маған.  
Отырайын «Филидегі кеңеске»,  
Кутузовтай генералдарын жинаған.

Не болды деме,  
«Кел, келге» басып, қадалып.  
Кенші мен кенші кездеспеу айып.  
Адал ұқ.  
Тереңдерде табысқан қымбат достармен  
Кеткендеймін өмірім бірге жаралып.

Қаз-қатар жүріп,  
Жер қазнасын аштық көп,  
Қаймықпа бүгін,  
«Ақын» деп, әлде «бастық» деп.  
Шахталас досқа ойлар ем теріс қарауды,  
Адамдыққа тура келген қастық деп.

Кел, тезірек телефонмен керілмей,  
Көкірек кені көбейді көптен терілмей.  
Рерих, саған ниетім таза баяғы  
Рудаға түскен  
алғашқы тамшы терімдей.

## ДУБОСЕКОВО

Үнсіз тұрмыз әр қиядан келгендер,  
Бар тілек сол — жас шығара көрмеңдер.  
Көздеріңді сүрте алмайды бәрібір,  
Дубосеково қырғын шайқас көрген жер.

Кең аспанның серпіп күмбез шатырын,  
Жарқ еткенде 28 батырым.  
Тірі жүрек тәжім етіп ерлікке,  
Ұшқан құс та өтеді екен ақырын.

Тебіренбеуге қалай жетер әліміз,  
Мүсіндер тұр әрі жылы, әрі мұз.  
Жігіттер тұр аңыз дастан аттары,  
Бейне көрем, әрі солдат, әрі құз.

Батырлар тұр әрі адам — әрі тас,  
Алыптар тұр, әрі ертегі, әрі жас,  
Қалт етпейміз көкірек ояу, көз ашық,  
Үнсіз тұрмыз кірпік қақпай кәрі-жас.

Тік қарауға тайсалады көз деген,  
Сол мезетті тіл жеткізбес сөзбенен.  
Панфиловшы — деген атақ аз емес  
Менің өзге төңеуім жоқ көздеген.

## ДӘРІГЕРГЕ

Аққу құстай махаббатын қорыған,  
Сәт күтеміз дәрігердің жолынан.  
Зәру зәузәт, бойға шәрбат тарайды,  
Жылы, жұмсақ сипап өткен қолынан.

Дәрігерлер, дәрігерлер... дәрігер,...  
Жедел көмек жан қорғаушы жәдігер.  
Ақ халаттың арасынан жарқ етсең,  
Аулақ жүрер ажал деген әбігер.

Қан майданнан әкем жазған хаттардың,  
Әр сөзінде «қарындас» боп жатталдың.  
Ескі жара сыздатқанда солдаттың  
Көз алдында қарлығаштай сақталдың.

Кірпік қақсаң үзілердей гүл шырын,  
Алмайсыңдар ай аптада бір тыным.  
Періштелер келіпсіңдер дүниеге,  
Сақтау үшін жүректердің дүрсілін.

Жақсылықты жүрсем көпке мәлімдей,  
Дәрігерлер атың өмір сәніндей.  
Арманыма жетер едім мен дағы,  
Елім сүйсе әр сөзімді бәріндей.

Дәрігерім, көп қуансам еркелеп,  
Айтар сөзге, салар әнге сен себеп.  
Дертке дауа жалғыз сөзің болмаса,  
Ұйықтап қана кетер едім ертерек.

Жасқансаң жолда талмаурап,  
Жебермін құс қанаттай.  
Қалсам да өзім тал қармап,  
Жіберем жерге қаратпай.

Қанекей,  
Ұмтыл, шошыма,  
Іздесең жерден септесін.  
Барымды берем досыма,  
Жауыма, мейлі жетпесін.

Ашулы кезде аулақ тұр,  
Жасама үрлеп көптесін.  
Дұшпанға ыза сарқылмас,  
Досыма мейлі жетпесін.

## ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні көрмедім тайсалғанды  
Алақайлап жуас та қайсарланды,  
Кедір-бұдыр сөйлейтін бригадир де,  
Кешегіден бір түрлі байсалданды.

Бұрылмайтын аса көп сәлемдесіп,  
Басқарма да жұмсарды әлемдесіп.  
Қарттар да оған кешірді «Әй, балам» деп,  
Жүрген ісін сыртынан «пәлен десіп».

Тек бір шалда өзгеше жария бар,  
Сақал мұрты тоғайдай қар ұялар.  
Үш ұлының оққа ұшқан қасіретінен,  
Қарияның көзінде дария бар.

Анамда да бар менің біраз күдік,  
Қуаныш та реніш тұрар бүгіп.  
«Қара қағаз» дегенге төрт қарады,  
Сыр білдірмей жасырын жылап жүріп.

Сол қағазға бар сырын айтып қана,  
Сандығына салмады қайтып қана.  
Камзолының жүрді жан қалтасында,  
Бар жиһаздан үйдегі артықтана.

Жанға батқан елемей жара дертті,  
Үлгі болды бұзбауға ана сертті.  
Көз жұмарда ақырғы тілегі еді,  
Сол қағазды өзімен ала кетті.



## БАУЫРЖАН ЖАЙЛЫ ӨНГІМЕ

— Әй, бала —

Сыр жасырар бауырдан кім,  
Уақытпен арпалысқан ауыр жанмын.  
Ілбітпей таксиңді шапшаң жүргіз!  
Қарт ағаң Момыш-ұлы Бауыржанмын.

Рульде қарапайым қазақ жігіт,  
Осқырды отыр дей ме мазақ қылып.  
Бұрылды бөрі қабақ бөтенсініп,  
Тоң мойын тіл қатуды азапсынып.

— Шошытпа, аға, талай шошығанмын,  
деп пе едім:—

не де болса, осыған мін.

Сен түгіл настоящий Бауыржанды,  
Мен былтыр күні бойы тасығанмын.

Он теңге сөз бе, одан алғаным жоқ,  
Бір көру жүруші еді арманым боп.  
Өз әкем Бауыржанның солдаты ғой,  
Өкіндім бұрын іздеп бармадым, деп.—

— Әй, бала, татты дәмін көңіл зілдің,  
Жарайсың, әке сыйлап өмір құрдың,—  
деді де, Бәукең дереу паспорт тосты:  
— Мінекей, мен Бауыржан нөмір бірмін.

Баланы аға сөзі қыршып кетті,  
Өкініш жүрек шетін шымшып кетті.  
Көргенде Момыш-ұлы деген сөзді,  
Қос маржан отты көзден ыршып кетті.

Дедектеп такси зытты көштен дара,  
Жазылды көкіректі тескен жара.

Құлпырды өз әкесін көргендей-ақ,  
Қолында өгей әке өскен бала.

Тез жетті,  
Барар жерге арқыратып,  
Жиырма сом тосты Баукең жарқыратып.  
Алмаймын, аға, деген таксишіге,  
Саңқ етті Алатауды қалтыратып:

— Отставить! Өзіңе тақсырлығың!  
Бес сомдық көріп тұрмын такси құнын,  
Он теңге былтырғы қу жігіт үшін,  
Бес сомға келінге гүл тапсыр бүгін.

## МИРАС

Елес жеңіп, көрсем дос адамдарды,  
Забойларда кен қазған алаңдарды.  
Көкірегімді билеп тұр бір қуаныш  
Бүгін менің орныма балам барды.

Бастап едім Текелі тауларынан,  
Шайлықпадым Жер асты аумағынан.  
Қаза-қаза әйтеуір тесіп шықтым,  
Кен бұйыққан Жезқазған ауданынан.

Боларсың деп біздерден ақылдырақ,  
Сөз айтпаймын фәлсәфә татымдырақ,  
Мен баласы ем ауылда егіншінің,  
Шахтер ұлы боларсың батымдырақ.

Атты міне аңсаған жаңа таңым,  
Дәстүр, мирас жалғасаң жаратамын.  
Қарайлама өз жолың болсын даңғыл,  
Ізге салмас қырандар балапанын.

## ҚАР ЕРІДІ...

Қар еріді,  
Сағыныш ерімеді.  
Түн қысқарды,  
Түс көру кемімеді.  
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,  
Көгендегі қозыдай емінеді.

Құстар келді,  
Төбірентті, шымшып әні.  
Қанат қағып аққулар, құлшынады.  
Өзіңді ойлау ұлғайып одан сайын,  
Менің жаным бір кіріп, бір шығады.

Сағынғандар кездесіп әрі-сәрі,  
Маған ол күн, япырмау, алыс әлі.  
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,  
Құлыншақпен қырдағы жарысады.

Бұлбұл ма екен, бұлқынып үн шығады,  
Байғұс жүрек бәрібір тыншымады.  
Көктем өтіп барады.  
Ойласаңшы,  
Қуанышқа ол қашан тұншығады.

## ОЯНУ

Тебіренсем ой толқыны басқарады,  
Әр істің көрінеді басқа мәні.  
Тіршілік барлық күні бәрімізге  
Таң емес, оянудан басталады.

Бар өнер,  
осы біздің ақындықта,  
Өмірге шын жүректен жақындықта,  
Ұзарттық көрер күнді ерте оянып,  
Шалғайдан атар таңды шақырдық та.

Көз қорқақ қол бастап жүр батылдыққа,  
Қинайды жетпеген іс татымдыққа.  
Ұзарттық өтер күнді осыны ойлап,  
Кешірек батар күнді батырдық та.

Тірі жан киер киім, ас табады,  
Өнердің жанға серік басқа мәні.  
Күн емес ойлап тұрсам бүкіл өмір,  
Көкірек оянудан басталады.

## ЖҮРЕК ПЕН КЕН ЖАРҚЫЛЫ

Таулардан тапқан жезіммен,  
Өлшенер деп бергенім,  
Жан емеспін көз ілген,  
Місе тұтып, жер кенін.

Кем емес асыл тасымнан.  
Жүрегімнің жарқылы,  
Ұғындым көп сыр жасымнан,  
Сол жарқылдар арқылы.

Жыр төксе жүйрік қаламым,  
Армандап қиял ақ құсын,  
Қатар қазып барамын  
Жер және жүрек шахтасын.

## ҚАЙДАСЫҢ

Қайдасың,  
Сағыныш толған ішім,  
Ерекше қуанып ем,  
Сендей дос болғаны үшін.  
Отырмын тебіреніп жан жайлауда,  
Көкіректе көнбейді ән байлауға,  
Домбыра жетектейді «Сарыжайлауға».

Қайдасың,  
Кешегі әнің қайда,  
Ойлашы, естімесе  
Тіршілік жаңылмай ма?  
Жақындап келеді таң жайлауға,  
Көкірек те көнбейді ән байлауға,  
Біздің ел құмар болды «Сарыжайлауға»

Қайдасың,  
Жүрегім лүпілдейді,  
Ол қайтсын қалқам-ау,  
Сағыныш түтіп жейді,  
Оралды асығып таң жайлауға  
Көкіректе көнбейді ән байлауға,  
Досым-ау, салсаңшы «Сарыжайлауға».

Кенші деген ғаламаттар,  
Көп ойламас өз басын.  
Шын ақ көңіл азаматтар,  
Сақтай білер жолдасын.

Арқау болар өлеңдерге,  
Шахтерлерде қадам нық.  
Мінсіз таза тереңдерде,  
Досқа деген адалдық.

Көзге бекер мақтауменен,  
Бұлтармайды теріске,  
Бірін бірі сақтауменен,  
Жетеді ортақ жеңіске.

Сын айтса зіл керегі не,  
Ем болады батқаны.  
Риза болдым дегені де  
Арқадан бір қаққаны.



## АҚ БИДАЙ

Көк теңіз қиырсыз мен көрген,  
Ақ бидай кең дала тербелген.  
Егістік шалқыды көз жетпес,  
Кеңістік жанымды меңгерген.

Егінмен көркейткен елдігін,  
Сүймейді ғаламат жерді кім.  
Жырға бер мен жазған сағынып,  
Туған ел, жеріңнің кеңдігін.

Асығыс емес-ау көлігім,  
Ақынға сөйлемей өзі мін.  
Жырыма, туған ел, тілей бер,  
Биылғы ақ бидай өнімін.

# **ТУҒАН ЕЛ ДЕГЕН ҒАЖАЙЫП**



## АЙДАРЛЫ

Шағын ғана шоқысың,  
Атың қызық — Айдарлы.  
Сайратар көңіл тотысын,  
Мейірімді жүзің жайдарлы.

Етегінде қара жол,  
Торабы тоқсан тоғысқан.  
Ұлдарың салған жара сол,  
Оралмай кеткен соғыстан.

Ауданға барар сол жолды,  
Қаймақтап әрі қаспақтап,  
Ұрпақтар бүгін мол қолды,  
Жаңартыпты асфальттап.

Ауылдың шеті тас бұлақ,  
Сарқылмас зәм-зәм ғажабы.  
Қасында өтті ақ шұнақ  
Әкесіз қыстың азабы.

Егін-жайлы кең иық,  
Етегің мүлгіп тұр ма екен.  
Өзіңсің мәңгі жер ұйық,  
Киелі күмбез нұр мекен.

## ТУҒАН ЖЕР

О, туған жер!  
Нәр берген сенсің жаныма,  
Сағыншақ деме,  
Табынсақ ауыл маңына.  
Сағынары жоқ  
Саңлаусыздан сақтасын,  
Есуас күлер  
Ежелгі жүрек заңына.

Сыр бүкпеймін,  
Ағынан келем жарыла,  
Ел деген бір сөз  
Жеткізер шабыт бойына.  
Көкірегім менің  
Жалғасып кеткен сияқты.  
Қазақстан  
Самалы дәру таңына.

Аңсау да қуат  
Ел сүю адам бағы да,  
Сөкпеңдер мені  
Қайталап айтам тағы да,  
Ауылдастар,  
Шахталас достар сендерді,  
Бір көру үшін  
Құлшынам ауыл маңына.

Көз салсаң шіркін!  
Жүйткіген киік шаңына,  
Күш жігер бітер,  
Дүрліккен бойда қаныңа.  
Құс болып ұшпау,  
Құлагер болмау мүмкін бе?  
Самғауық қанат  
Жалғанса шыбын жаныңа.

Жұмақ жел соғар,  
Тоғайдан бермен сабыла,  
Тотылар сайрар,  
Ақ желең үндер ағыла.  
Жұпарлы дала  
Жусанның исі жабыла,  
Сүйсініп сен де  
Сауығып, жаным, жадыра.  
Исініп тұрса  
Кер бие құлыншағына,  
Қарашы тентек  
Құлынның ұрыншағына?  
Бие сауған  
Келіншекті иіскейді,  
Ерні тиіп,  
Қос бұрым тұлымшағына.

Тулайды жүрек  
Лүпілі үдеп тағы да,  
Қарайсың сен де  
Өзіңнің құлын шағыңа.  
Сол келіншек емес пе,  
Байқа, бір кезде,  
Әкелген сені,  
Махаббат тұңғыш бағына.

Екі көз қане,  
Құдыретің жетсе таныма,  
Қара көз әне,  
Қарай қалды зарыға.  
Тату күндер  
Оралды қайта алдыма,  
Құлшыныс бітті  
Қытығы селдір жабыға.  
Әнекей, әне!  
Барады шопан малына,

Үн берді завод  
Көк будақ бұлтты жамыла,  
Байқоңыр жақтан  
Аспанға шықты бір кеме,  
Ымдасқан сонда,  
Қарап қал шахта шамына.

Құлпырса солай  
дүние нұрға малына.  
Қарайсың көкке  
Сұңқарға әлгі сарыла.  
Болашаққа  
Бара жатқан сияқты,  
Жетеді-ау дейсің  
Шолпанның ертең жанына.

Не теңесер  
Құмартып кеткен шағыңа,  
Мың алғыс айтам,  
Сағынарымның барына,  
Туған елге  
Іңкарлықтың мезетін  
Айырбастамаймын,  
Жер көктің биік тағына.

Жүз құлын, жүз биеден!  
Міне ғажап!  
Нағыз ер, ел сүйсінткен міне қазақ.  
Беу шіркін! көбейіпті құлыншақтар,  
Құйғытып ерке, тентек жүрген азат.

Жануар дала көркі жылқы деген,  
Жасымнан жақты маңғаз құлқыменен.  
Астымда бедеу бесті тайпалғанда,  
Төгілер қалқаға айтар сылқым өлең.

Серіге серік қайда сәйгүліктей,  
Жүре алмас дүбір сезбей, бәйге күтпей,  
«Қыз қуу» жыйын-тойда жігіт серті  
Сүйесің атың жетсе мәңгі күтпей.

Сыйлы дәм, қазы-қарта артығымыз,  
Оған дөп жазғы ауылдың салты қымыз.  
Мас емес, масаңсытып маужыратса,  
Ұлғаяр бойда қуат қарқыныңыз.

Бәйгешіл сүйсе қазақ жылқы малын,  
Құс қанат құлагерлік ғұрпы мәлім.  
Құйғытып құба белге шыға келсем,  
Озуға бар жүйріктен ұмтыламын.



## ШТРЕК

Шахтада тіршілік тасытқан,  
Метродан аумайды штрек.  
Таза ауа забойға асыққан,  
Қуалай жел соғар, күшті леп.  
Составтар кен тиеп безенген,  
Қырдағы вагоннан штрек.  
Сең көшкен көктемгі өзеннен,  
Кен керуен дүбірі күштірек.  
Қуантар көз шалған адамды,  
Жәй тастан жүгі де түстірек.  
Шахтердің забойға тік жолы,  
Жатады алтын мен мыс тілеп.  
Құтты жол, соңыра айтарсың  
Штректе дос қолды қысты деп,  
Бірлескен іс бітті. Қырдамыз.  
Бәрінен сол шаттық күштірек.

## АЛҒЫС АЙТТЫМ МҰҚТАРҒА

Жөн сұрасты шет елде,  
Бір келіншек елбіреп.  
Кетпестей сөзі бекерге,  
Мейірлі қалпы, елжіреп.

Ұғымды әрі ұтымды,  
Майысқақ тілі әдемі.  
Білмекші менің ұлтымды,  
Бұлжытпай қонақ кәдені.

Көндірер шексіз сенуге  
Дем алса ауыр қысылып.  
Оқталсам жауап беруге,  
Толқиды шапшаң ысынып.

— Совет,— десем,  
— Білемін,  
Советте қандай ұлттансың?  
Дәмесін еткен тілегін,  
Дәлірек айттым ұққан соң.

— Қазақ,— деп ем, түсінбей,  
Ойлана қалды сабырлы.  
Көмескі көрген түсіндей,  
Әуреге түсті, жаңылды.

— Абай,— десем,  
Гүл өңі,  
Құлпырып кетті ай қабақ.  
Құбылды нәзік іреңі,  
— Ау, Эзоп,— деп қайталап.

Қай Эзоп келді жадына,  
Түсінбесе құптар ма?  
Мен алғыс айттым тағы да,  
Қазақ боп туған Мұқтарға.

## БІР АЛМАНЫ ЕКІГЕ БӨЛМЕЙІКШІ

Жалғыз алма,  
Япырмай, жалғыз алма.  
Қызыққанға құмарлық жанғызар ма.  
Қаққа бөлу қолыңнан келмей қалып,  
Тиесіден бір сөгіс алғызар ма.

Адам — ата, Хауа — ана табиғаттан,  
Алма арқылы біздерге тәлім артқан.  
Бір алманың бөлісі сәтсіз болып,  
Көңіл қалу дегеннің дәмін татқан.

Дін — аңыздың ырқына көнбейікші,  
Тың соқпақпен қияға өрлейікші.  
Өзің-ақ же,  
Тәттілеу болармысың,  
Бір алманы екіге бөлмейікші.

## АҚ КИІК

Көп киік  
Ақ киікке Бетпақтағы,  
Жолатпай үйіріне кек сақтады.  
Жазығы аппақ болып туғандығы,  
Сұлулық тағдыр берді шет қақпалы.

Ақ киік  
Құралайдың құралайы.  
Өзгеше өбеді екен күн арайы.  
Үлпікер ақ тамағы өзінен де ақ,  
Сияқты суда әуілдек гүл танайы,

Ол қайтсін орғаш жүрді, қасармады,  
Ішінен тынды,  
Көзден жас алмады.  
Өзінің сүйгені емес қосылғаны,  
Қиылып кете барды жас арманы.

Болмай ма әр ауылда әр түрлі қыз,  
Бар еді біздің де ерке тартымдымыз.  
Көз ексек көлеңкесін көреміз деп,  
Жұрт сөкті деп «пәленше — айтулы қыз».

Ей, достым!  
Көп сүйіп пе ең, аз сүйіп пе ең,  
Көкірегің ада ма еді ақ күйіктен?  
Жазықсыз жаралаған жұрт өсектеп,  
Сол бейне аумайды екен ақ киіктен.

Ойнағың келсе толқынмен,  
Сәксен көл болып тербелем.  
Ойланғың келсе ой-қырмен  
Жалғызтау болып тебіренем.

Ғаламат еді-ау мен көргем,  
Көкшенің кербез кештері.  
Көркіне жаным емделген,  
Бір жұлдыз ізі өшпеді.

Жасырдым тұңғыш сөзімді,  
Шағылар деп тауалым.  
Айта алмай кеттім сөзімді  
Күтпедім берер жауабын.

Елестеп тату жас шағым,  
Жіберсе тілді сайратып.  
Сол жұлдыз ауыл аспаның,  
Тұр шығар әлі жайнатып.

Үндемеу де той бұзу,  
Мұз түскендей сорпаға.  
Серт екен асқа тойғызу,  
Сал өнерді ортаға.

Келсеңші жаным жарқ етіп,  
Не жетер шаттық бөлгенге.  
Жүздесуде бар тетік,  
Тірілтіп жібер сөнгенде.

Әніңді сенің сағындым  
Шыдаймын әрең төзім көп.  
Жол тосып естен жаңылдым  
Болды ғой екі көзім төрт.

Төгілсін жырым телегей,  
Билейін ұзақ сен қолда.  
Шараптан болды демегей,  
Масаңсып қалсам мен сонда.

Өзің жоқ, есте қалды әурең,  
Келемін арнау жыр алып,  
Алыста қалған бал дәурен,  
Алдымнан шықшы бұралып.

Ақ дидарың құлпырып,  
Қарақат көздер мөлтілдеп,  
Тіл — мешеу, жүрек ұмтылып,  
Не болам тұрсаң елпілдеп.

Жалғыз шықпа жолға да,  
Топ ішінде тойда күт.  
Бір көру арман, сол ғана,  
Болады біздің бойға құт.

## ЖАЛҒЫЗТАУ

Жалғызтау, сүйем сені ғашығымдай,  
Бір мезет ынтық зарым басылынбай,  
Сүйемін жусаныңды иіскеп тұрып,  
Көзімнен жас тамса да жасырынбай.

Дархан жер ата-бабам паналасқан,  
Жалғыз ем мен де сендей бала жастан.  
Қарсы алшы, қабылдашы перзентіңді,  
Ер жетіп екі аяқты жаңа басқан.

Жарқын көл үнсіз жатпас ән тарамай,  
Жаңғырып елге жаяр бал қарағай.  
Бір әнді тым ерекше сағынамын,  
Айтпасам татқан бойға бал тарамай.

Үкілі — Ыбырайдың «Гаккуі» еді,  
Табылмас одан әннің тәттірегі.  
Шырқашы бала күндей құрбыларым,  
Сол еді-ау жанымның бір ақ тілегі.

«Гаккуді» сүйдім жастан мың сарынды,  
Қандырды бала қиял іңкәрімді.  
Бір озар тірі болса құлагердей,  
Мен-дағы баптап жүрмін тұлпарымды.



\* \* \*

Қара жерге бәйтерек,  
Жайғандай терең тамырын.  
Тірлікке болдың сен себеп,  
Туған ел майса мамырым.

Қымыз иіс, қыз иіс,  
Жусаны жұпар кең дала.  
Біткенше демге үзіліс,  
Сүйерім менің сен ғана.

\* \* \*

Жаным жалау желкілдейді,  
Сен десем,  
Жүрегімді ашып көрші сенбесең.  
Тірі жанға сездірмеген құпия  
Шертілмейді...  
Алдыма бір келмесең.

Болмас мезет серпілмеген  
Сен десем,  
Мен өзіңсіз тіршілікке көнбес ем.  
Жер жүзіне симай кете жаздаймын,  
Мөлтілдеген қос жанарды көрмесем.

## САҒАН

Мен әлі қартаюдан тым алыспын,  
Сол шығар бірі бойда жұбаныштың.  
Жоқ емес дақ салған қыз жүрегіме,  
Сен ғана болдың сәні қуаныштың.

Жастық шақ, студент кез жол ұштасып,  
Мәскеуге болдық перзент қоныстасып.  
Аз күндік әуре емес «жүрдім» дейтін,  
Сен мәңгі кеттің бірге қол ұстасып.

Отырсың сәулет құрып ұл-қызыммен,  
Ақ сәуле шашырайды нұр жүзіңнен.  
Сыбырлап жүрегіме жыр ойнаса  
Түндерді жалғастырдық күндізімен.

Таңдайым бір тамаша татынады,  
Асулар тосып бізді жатыр әлі.  
Алыста ел жиналар дүбір сезем,  
Күміс той, алтын тойлар шақырады.

## БҮГІНГІ ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕР

Алыста жатқан асулар,  
Бертіндегі белеңдер.  
Сендермен дидарласуға  
Туыпты бүгін өлеңдер.

Оятып намыс, ұятты.  
Оңай ма парыз төленбеу.  
Қиямет — қайым сияқты,  
Қисынсыз сөзбен көлеңдеу.

Қамысты, құрақ, қияқты,  
Көрсем деп жаным елеңдер.  
Көктемім келген сияқты,  
Бүгінгі жазған өлеңдер.

Бітпес те зерлеу шалғайды,  
Телміртер түпсіз тереңдер.  
Болашақпен жалғайды,  
Бүгінгі жазған өлеңдер.

Күлкің сенің  
Жайдарлы жайлы күлкі,  
Шұбатылған,  
Жабағы, тайлы күлкі.  
Түнгі дала көгінде жыпырлаған,  
Жұлдызы көп ақ малта айлы күлкі.

Әурелейді әдемі жымығаның,  
Топ ішінде.  
Сүйгім кеп құриды әлім.  
Мен өзімше қуаныш ете берем,  
Азсынбаймын татқанда бұйырғанын.

# ҚЫРҒЫЗ ӘУЕНДЕРІ



## ЕГІЗ ЕЛ

Жалғасқан ауыл-аймақ  
Ірге байлап.  
Бірге өскен қырғыз-қазақ біте қайнап.  
Ақ інген — Алатаудың ақ уызын,  
Арда емген елестейді егіз тайлақ.

Жік іздеп дұшпан ірге аша алмайды,  
Шындық сол — тарих қайта жасалмайды.  
Екі елдің қайғы-шерін бірге ойлапты,  
Баяғы Жиренше мен Асан-қайғы.

Кешіп ек қилы заман топанды да,  
Көш түзеп, таптық ортақ Отанды да.  
«Манасты» аңыз етсем Европаға,  
Қырғыздан қызғанбаймын Шоқанды да.

Егіз ел ақ ниеттес ағайынды,  
Атқан таң, бірге құштық арайыңды.  
Жетелі Тоқтағұлдың жырын терсем,  
Сүйді олар аталы сөз Абайымды.

Бақытты заман қосып тағдырымды,  
Тілі бір үндестірді ән-жырымды.  
Атағы жер шарына әйгі болған,  
Екі елге тең ұстадық Жамбылымды.

Мақсат бір, алға қатар өрістейміз,  
Өркенін Октябрьдің өніс дейміз.  
Тулаған Нарын суын тоғандасақ,  
«Сенікі», «менікі» деп бөліспейміз.

Ақиық бауыр жазған балағы кең,  
Мұқтардай,  
Шыңғыс шықты талабымен.



Оқ емес,  
озық сөзді ой орманы,  
Әлемді «жаулап алды» қаламымен.

Ақ тамшы кірпігімде қорғалайды,  
Жан сырын жырым қалай қолдамайды.  
Тағдырдың соғыс жылдар дәмін татқан,  
Керемін өз анамдай Толғанайды.

## ТЕБІРЕНТЕДІ АҚ ТАУЛАР

Қырғыздың жері-ай, тұңғиық,  
Сүйсінер адам жан-тәні.  
Көкірекке берер жыр құйып,  
Үкілі бөрік Тянь-Шані.

Ақ таулар, шымқай ақ таулар,  
Қол созып күнге ұмтылған.  
Қойнауы құтты шатқалдар,  
Бау-бақша гүлдер құлпырған.

Еңісте егіс не түрлі,  
Қыртысы майқы белдері-ай!  
Оянған қыздар секілді,  
Ояңда жатқан көлдері-ай!

Жайлауда айыл аралап,  
Кезім көп ән-күй тыңдаған.  
Қоңыр кеш жазғы ғаламат,  
Қомыздың сазы тынбаған.

Сол еді-ау жастық сәні де,  
Шақырар бойды қызбаға.  
Есімде әсем әні де,  
Жадымда күйші қыз бала.

Төгілсе тәтті жыр бүгін,  
Тебіренді деме жаңылыс.  
Еліңе көп қой сыйлығым,  
Өзіңе осы сағыныш.

## БАЛДЫРҒАН

Балдырған сұлу көрдім бұраңдаған,  
Екі бет құралғандай бір алмадан.  
Қол сілтеп бұлтқа кірген қос жұлдыздай,  
Қос жанар бір шақырып, бір алдаған.

Бұлақтың сыңғырындай үзік-үзік,  
Оң болғай «чоң» дер бізді тілі қызық.  
Қара су қарай-қарай тереңдеген,  
Мөп-мөлдір жанарында жүрдім жүзіп.

Көргенім қарақат көз қырғыз құрбы,  
Түсіме түнде түгіл күндіз кірді.  
Мені ойлап күрсінгенде күмбірлеген,  
Тау іші мекен-жайын білгіздірді.

Есімін балдырған деп атап жүрмін,  
Кездеспей, көптен бері ақап жүрмін.  
Таңертең Алатауды аттап өтіп,  
Кетуге іздеп қана тақап жүрмін.

Жолығыппыз екеуміз,  
Дос-жаранның алдында.  
Жан-жаққа ертең кетерміз,  
Жақсылап көріп қалдың ба?

Қимастықты сезбес кім,  
Қиылып тұрған көзіңнен.  
Балдырған күнмен кездестім,  
Қалдырған бірге өзіңмен.

Күнгейге шыққан еліктей,  
Ойнақтап келді шумақтар.  
Оймақтап қайтем сезімді,  
Тулап қал, жүрек...  
тулап қал.

Ақ қалпақ таулар,  
Жігіттеріндей қырғыздың.  
Жемісті баулар,  
Әткеншегіндей мың қыздың.

Қайтейін мыңын,  
Сен едің гүлі үміттің.  
Таппадым тыным,  
Әуресін жеңіп күдіктің.

Томаға тұйық,  
Түнерсең, үнсіз кетер ем.  
Ішімнен күйіп,  
Өкініш өртеп өтер ем.

Көп бөтенсіп,  
Жүректі бекер бүктеппін.  
Сүйеді екенсің,  
Қуанғанымнан «уһ» деппін.

## ҚЫРҒЫЗ ЭЛЕГИЯСЫ

Жүректі жүрегіңе жетелетем,  
Еске алып, сағынышты еселетем.  
Көңілдің бұлтын аршып алар едім,  
Қай күні Алатауға жетер екем.

Сыр айтсам шымқай таза сезімменен,  
Жанымда құпия бар сезілмеген.  
Өзіңнің әр дыбысы есік қағып,  
Түндерді көбейтеді-ау көз ілмеген.

Таппадым ешбір теңеу келбетіңе,  
Жұмақтан келгендейсің жер бетіне.  
Жол тосып мойыл көздер томсарғаны,  
Апарар мені іздетіп ел шетіне.

Жасырынба,  
Жүгіре шық. Келдім де.  
Бала күнде бірге шие тердім де.  
Қалай ғана құпиялап сақтарсың,  
Нарттай қызыл ізі бар ғой ерніңде.

Жасырынба.  
Кел, қатар тұр қасымда,  
Тірі жаннан сескенбеуші ең жасыңда.  
Еркеліктің ізі жатыр әлі де,  
Өрілмеген қою қара шашыңда.

Жасырынба.  
Берірек кел, батымда.  
Кездескенің айып емес, жақында.  
Сұрағым бар:  
— Кейде есіңе алдың ба?  
Өлең жазсын,  
Сырыңды айтшы ақынға.

## ӘН ҚҰШАҒЫ

Қара көз, кірпігіңмен тұсадың ба,  
Екі аяқ жарамай тұр үш адымға.  
Ыстық көл қайығындай тербетілдім,  
Толқыған қырғыз әні құшағында.

Назды ерке махаббатшыл үн шуақты,  
Үздікпей, үзіліндей кім шыдапты.  
Ей, қалқа, гүлдей нәзік дидарыңа,  
Сағыныш салған белгі бір сияқты,

Қанекөй, алыстама, қайта келші,  
Бар дертке бір өзіңдей қайда емші?  
Қаз дауыс қазақшылап қосылайын,  
Тотым-ау, айтарыңды айта берші.

Қуансам әнің ғана қалағаным,  
Ұнайды шырқай салып, қарағаның.  
— Жасырын бір құпия қалмасын,— деп,  
Көліп тұр жүрегіңді аралағым.



## ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Бал қайың,  
Бала қайың, қызыл қайың,  
Сеземін сыбырыңды үзім қайым.  
Қымсынып көз алдымда сен тұрғанда,  
Өзгеге қалай ғана қызығайын.

Керіліп, кербезденіп, еркелейсің,  
Серілік келсін, мейлі, келсе дейсің.  
Қызығып иығыңа иек артсам,  
Сызылып айтар сөзді келтелейсің.

Бал қайың, балдыз қайың, жас аралым,  
Құлшынбай, қалай ғана қасарамын.  
Бетімнен жапырағың бір сипаса,  
Оралып өткен күндер, жасарамын.

\* \* \*

Елестеп бейнең өрімтал,  
Ішімде жалын маздайды.  
Елгезек жүрек сезімтал,  
Зекетің кете жаздайды.

Ұлғайған сайын зердемде,  
Молайса жастық дастаны.  
Қалыпты орнап кеудемде,  
Алатаудың аспаны.

## ҚЫРҒЫЗ ҚЫЗЫ

Сусамырдан келгендей гүл қырмызы,  
Сүңгіп жүрді теңізде қырғыз қызы.  
Алыс күндер баяғы еске түсті,  
Көзге оттай ұшырап жұлдыз жүзі.

Тоқаштанған, томпақ бет, домаланған,  
Пісте мұрын мәмпәси бола қалған.  
Су періште сол дерсің сиқырланып,  
Жаһаннамға жаныңды тонап алған.

— Қашан, қалай келдіңіз сіз Қырымға,—  
деп бастадым асығыс сөзді ырымға.  
Студент кез Мәскеуде топ ішінде,  
Кездесіп ек бір рет біз бұрын да.

Вальс, танго бар тарих өткеніміз,  
Тозған да жоқ бозбала шекпеніміз;  
Өзгелік ем, көз көріп, қызықпап ем,  
Өкіңтеді сырласпай кеткеніміз.

Тағы да айттым:— бізге бет бұрмаймысыз,  
Сізді құшқан, әрине, су қайғысыз.  
Келіншекке бұл күнде еріншекпін,  
Бәйбішеммен әңгіме құрмаймысыз.

Шапшығандай әрекет сезім бойда,  
Сөйлеп кетті  
Салмастан сөзін ойға,  
Тура қарап, тайсалмай жауап берді:  
— Аялыңмен, ағатай, өзің ойна.

## ЖАНЫМДЫ ҚАЙ ЖЕРГЕ САҚТАЙЫН

Ақ толқын тауларды сенделген,  
Ойлап ем теңіз деп тербелген.  
Тау емес  
биікке ұмтылсам,  
Өзіңсің досыңа дем берген.

Шыңдарға құлшынсам сені іздеп,  
Жүрегім ем таптым дегізбек.  
Әуі— десем тау іші жаңғырды,  
Шалғайда жүрсің бе мені іздеп.

Сезімді қалайша шақтайын,  
Селк етіп қарайды ақ қайың.  
Бәрі бар,  
Тек қана сен жоқсың,  
Жанымды қай жерге сақтайын.

Жырлаймыз, кейде тынбаймыз,  
Махаббат таңын суреттеп,  
Зыр жүгірер тіл байғұс,  
Бір туралап, бір шеттеп.

Отырсың белді буғалы,  
Өтем деп түгел тәмәмдап.  
Келмей ме жырлап туғалы,  
Сен түгіл, бүкіл адамзат.

Ақыным, етпе өкініш,  
Айтылмасқа асықпа.  
Түгенделмес өтініш,  
Өзге түгіл, ғашыққа.

Жаралған нәзік жаны гүл,  
Елбіреп кірер түсіңе.  
Бәрін айтсаң тағы бір,  
Сәуле түсер ішіңе.

Баяғыда өзіңе кейіп едім,  
Жүре-жүре,  
Ескі ойдан кейіндедім.  
Тым жас едік, көп сырды білмейсің ғой,  
Ежелден-ақ, мен де кең пейілді едім.

Ренжіп ем,  
Мен саған ренжіп ем,  
Айырылып қалғандай шын еншіден.  
— Қош!— дегенде  
— Неге?— деп сұрамаппын,  
Тіл шықпапты шошынған тіленшіден.

Өкіндім де. Өлмедім.  
Келем шалқып.  
Сыр жасырған күнім жоқ сенен сарқып,  
Айтар сөздің бір ғана шындығы сол —  
Жан ашырың болмайды менен артық.

## ӘЛІ КҮНГЕ

Ақ көйлек құздар,  
Би-билеп жүрген қыздардай.  
Жүрегім сыздар,  
Ауылыңа сенің жүз бармай.

Жүз барып едім,  
Жалғыз рет көрем деп.  
«Жүз жарып едің»,  
Думанды тойда көлеңдеп.

Қол созса бүгін,  
Аспанда жатқан күміс жол:  
Көңілдің жүгін,  
Басатын аз-мұз тыныс сол.

Сырнайлы күзде,  
Қатарлап ұшқан тырналар.  
Әкелер бізден,  
Саған да жылы бір хабар.

Телмірсе түнде,  
Көзіңнің мойыл қарасы.  
Әлі күнге  
Өртеуін мені қарашы.

## АРАШАН БАЛЬЗАМ

Көктемде жайлау түрленді,  
Сипаттау қиын толғанбай.  
Құдайым барлық гүлдерді,  
Қырғызға беріп қойғандай.

Бүршігі бальзам бұлағы,  
Гүлден гүл артық қарасам.  
Құшақтап күннің шуағы,  
Құлпырып жатыр Арашан.

Қарақат көздің қияғы,  
Жасқандырар нұрды нұр.  
Қуаныш қайда сияды,  
Барады теріп гүлді гүл.

Бір күндей болмай бір апта,  
Өте шықса желеңдеп.  
Қоштасар сәтте мін тақпа,  
Тостаған көздер тереңдеп.

Өкініп уақыт санасаң,  
Гүл теруге кел деші.  
Құрметіңе жарасам,  
«Арашан беріп емдеші».



## ҚЫРҒЫЗ ДОСЫМА

(Ғылым докторы *И. Давлетовне*).

Мәскеуге келсең  
болып кет Имаш қонағым,  
Сыйлысы едің студент — жолдас жораның.  
Көрмегелі көп жылдар өтті,  
байқарсың,  
Сағыныштардың тербеліп тұрған орағын.

Отырайық  
қаракөздерді еске алып,  
Тіл қатпап ем,  
Жүрсем де кейде дес барып.  
Жерлесің деп  
Жасамай жүрсем кедергі,  
Басқамен кетті екеуміз де кеш қалып.

Жартаста өскен еңлік-гүлмен тағдырлас,  
Нәзік еді, үзілме бел талдырмаш,  
Отты көздер оқталып тік қараса,  
Қыз еді өжет,  
ауызға сөз де салдырмас.

Тіліне тәтті келетін кейде күлкім де,  
Күйеуі бар ма?  
Өзі қандай бұл күнде?  
Шыныңды айтшы,  
анадайдан көз салып,  
Фрунзе барсам бір көруім мүмкін бе?

Кездескенде:  
— Бар шаруаң осы ма?—  
деп сескеніп әлде қалай шошыма.  
Дүниедегі құпия құрып кетпей ме,  
Айтылмай қалса өзіңдей тәуір досына.

Балалар үлкен,  
бәйбішелеріміз де сүйкімді,  
Баяғылар бұзбайды бүгін сыйқыңды.  
Өзер болса,  
ескі таныс елестеп,  
Сұйылтар сенің бір түнгі ғана ұйқыңды.

Еліңе барып,  
әуреге салар деп.  
Үрейленбе, дүрліктірсем хабар кеп,  
Мен қорқамын  
Өткенді шапшаң ұмытсақ,  
Бүгінгінің қызығы болмай қалар деп.

Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады,  
Қыз-киік қызықтырып қақшаңдады.  
Кел менің,  
Жыр пырағы — құлагерім,  
Бой жазсын суыт жүріс ақ шаңдағы.

Көңілдің күмбірлеген бұлақтары,  
Бас қосты бір арнаға тұрақтады.  
Малшынып мол шабытқа  
Сәуле шашты,  
Жұлдызды көкірегімнің шырақтары.

Кенші ақын кең шалқуға келер бейім,  
Мен неге күдіктеніп елеңдеймін.  
Қос кеме жетегінде кетті демес,  
Өлеңім тірі жүрсе менен кейін.

Аспан көрпе емес қой,  
Қағылмайды.  
Жоғалтқаным бар еді табылмайды.  
Алатаудың аясын жарқыратқан,  
Шолпан — жұлдыз қайыра жағылмайды.

Жарқ етпейді жұлдыздар легінде,  
Көрінбейді «құдайдың» кілемінде.  
Жер, көкте жоқ жұлдызды іздемеңдер,  
Жалғыз жатыр ол менің жүрегімде.

Ыстық көл ғажап,  
Сәулеге сергіп құбылып,  
Сыр бермейді ақ маңдай.  
Дөңкиген тау  
Кәрі күйеуі бұрылып,  
Теріс қарап жатқандай.  
Орман тоғай  
алыстан ғана анталап,  
Қыз — көлді желден қорғайды.  
Қияда сұңқар  
екі көзі қанталап,  
Қызығып қанат қомдайды.  
Жұрт ұйқыда  
Жазғы таң әлі атпапты,  
Жағаға келдім ертелей,  
Су жып-жылы,  
суытпай бойын сақтапты.  
Сүңгіп бір кеттім ентелей.

Қызық қой болашақ,  
Келер күн.  
Сәт туса есен сау көрермін.  
Өңінде біреудің сау жүріп,  
Бір күні түсінде өлермін.

Сонда ол,  
Шошынып сенбеске,  
Қайғырар кетті деп келмеске.  
Күйеуі көз жасын сүрткенде,  
Алдым,— дер — ағайын елді еске.

Еліңе, қырғыз бауырым,  
Келгенде дос боп табысып,  
Сағынтпас өз ауылым.  
Жүрермін отар бағысып.

Құрбымен кейде құбылып,  
Қалсам да әзіл қағысып.  
Жәй бармаймын қыдырып,  
Жүремін завод салысып.

Кеншілер сыр төгісіп,  
Забойдың шамын жақтырар.  
Қабылдар өнер бөлісіп,  
Түйе мойын шахталар.

Ең кемі жәй жатпаймын,  
Жүрмесем бидай егісіп.  
Салтымды ескі сақтаймын,  
Кетермін алма терісіп.

# ЖЕТІСУ ӘУЕНДЕРІ





## АЛАТАУҒА

Қарт Алатау менің биік асқарым,  
Көтеріп тұр туған елдің аспанын.  
Етегінде махаббаттың жолы бар,  
Бас арықтан мен де жолды бастадым.

Мәуелі бақ жан саясы тамаша,  
Көзбен көрген таңдар аз ба санаса.  
Ұялушы ем әжем келіп қалғандай,  
Төбемізден сәлделі тау қараса.

Сен дегенде о, ғаламат! нұр мекен,  
Жүрегімнен селдей заулап жыр кетер.  
Ойға салған есіңде ме қара көз,  
Ойға батып осы күнде жүр ме екен.

Мен қайтейін тағдыр солай шыңдаса,  
Жалынбадым мәңгі достық құрмаса.  
Нұры сөніп — қош деген сол мезетте,  
Не болар ем қасымда тау тұрмаса.

Бәрі айтылар куә болып құптасаң,  
Не болар ем өршеленбей ықтасам.  
Не көрер ем тау төбеге шықпасам,  
Не білер ем асқар сырын ұқпасам.

Түскендей қолға көктем гүл.  
Деуші едім сені көрсем бір.  
Сол қиялға жеткізді  
Жүрегің бойға сепкен нұр.

Көкіректі кернеп көркем жыр,  
Төгілмеп едім көптен бір,  
Оралды шаттық телегей,  
Терезе қақты көктем гүл.

Сейілді бұлттар көктеңбіл,  
Серпілді байтақ өлкем бір.  
Өзіңді көріп ақының  
Бұл дүниеде өктем жүр.

## ӘН ТУАДЫ

Жетісусыз Балқаш көл болмайтындай  
Көкшетаусыз Сарыарқа толмайтындай.  
Сенсіз жерде көңілім серпілмейді,  
Алатауды көшкен бұлт торлайтындай.  
Кездеспесек қиямет орнайтындай,  
Күрсінуді көкірек жоймайтындай,  
Сиғыза алмай кетер ем жер бетіне  
Құпияны жүретін зорға айтылмай.  
Ғашықтарды періште қорғайтындай  
Ғаламат бар жасырын қолдайтындай.  
Айырылысып кетсе де жазатайым,  
Бірін-бірі көрсем деп ойлайтындай.  
Күн батса да, таң атпай қоймайтындай,  
Қуанып бар жан үнсіз тойлайтындай.  
Сөз бен бірге көкіректен ән шығады  
Сенсіз қызық мен үшін болмайтындай.

Сабырлысың саспайсың,  
Япырмау, қайда бастайсың.  
Қарқыны бойдан қайтпаған,  
Құлын көңіл жастайсың.

Таңдануға тоймаған,  
Келеді сансыз ой маған.  
Ыстық екен лебің  
Құштарлық отын жоймаған.

Көзіме түссең мәңгіріп,  
Саласың ойға сан бүлік.  
Егіз бе деймін сондайда,  
Махаббат пен мәңгілік.

Сәулем-ау, сәулем деп жүрсем,  
Сәуледен өзің ашықсың.  
Бір гәп бар сенде мен білсем  
Айтсаңшы кімге ғашықсың?

Өзгеден өзге бір маған  
Бұрылып тұрса бүйрегің.  
Айтуға бәрін тіл сараң  
Мен де бір ғажап күйдемін.

Сәт туды аңсап күткен көп,  
Кездесіп қанша наз ұқтың.  
Пендеге өзге бұйырмас  
Өзіңе біткен нәзіктік.

Нәзіктеу жаның гүлден де,  
Нұр толы сәнбес шаттықпен,  
Жадырап жаның күлгенде  
Мөлдірсің саумал, ақ сүттен.

Сұлусың көлде аққудан.  
Нәзіксің өрде киіктен.  
Көрінсең жазбан шалқудан,  
Көрмесем өлем күйіктен.

## АҚҚУ ЖЕТКЕН

Бар еді тату күндер аққуды өпкен,  
Барады баурап үні қалқып өткен.  
Сарыарқа сырнай-керней сәні келді,  
Аққу-қаз көл бетінде ән күйлеткен.  
Қамыс қоға алаңдайды,  
Көлде құстар қараңдайды  
«Гаккулеткен».  
Осы екен ғой, біздің көлге аққу жеткен.

Тамаша көзге алыстан көрінгенің,  
Қарасаң мен де айдынның төріндемін.  
Тірі жан қуанышқа жетеді екен,  
Қолыма келші биік көгімдегім.  
Кербез дала ән тыңдайды,  
Көлде құстар қаңқылдайды  
«Гаккулеткен»  
Осы екен ғой, біздің көлге аққу жеткен.

Қуансам бақытыма тап болардай,  
Келемін келістіріп ат қоя алмай.  
Ей, қалқа! ерте келіп еркелейін,  
Толқынға тербетіліп жатшы оянбай.  
Көлде құстар саңқылдайды,  
Қамыс қоға ән тыңдайды,  
«Гаккулеткен».  
Осы екен ғой, біздің көлге аққу жеткен.

## ОПТИМИЗМ

«Жастық шақ»,  
«Жастық шақ» деп қақсап жүрміз,  
Күн батпай не болыпты шаршап күндіз.  
Жіберші көкпарыңа, «қыз қууға»,  
Қанекей, қай сайыстан алшақ жүрміз.

Қанекей,  
Қай тасыңды қопармадым,  
Айтсаңшы, қай жасыннан от алмадым?  
Ғарышкер достарыммен айға ұмтылсам,  
Будағы жетпес ескі отарбаның.

Жоғалмас әуеде ізі даңғыл жатар,  
Мүлт кетпес көк жебемін жамбыны атар.  
Әйтпесе ұят болар Махамбеттен,  
Кешірмес жүзге жеткен Жамбыл атам.



Кең дала кербез шалқыған,  
Көкіректі жырдан үзбейді.  
Бал қымыздың аңқыған,  
Жұтымын жаным іздейді.

Алатау жылы кеңеспек,  
Сыбыры жүрек жұлғандай.  
Анашым көзге елестеп,  
Алдымнан шығып тұрғандай.

Аулақпын сәулем күдіктен,  
Келсеңші әсем әндетіп.  
Өзіңе деген үміттен,  
Табады қайран жан тетік.

Келсеңші ерке қылықпен,  
Мезетті көрген мәңгі етіп,  
Фибрат алар ғұрыппен,  
Табайын дәркәр жан тетік.

Жүрекке жүрек бірігіп,  
«Сіз» деуден қалдым «сен» дестім.  
Махаббат жалған дегенді,  
Тірлікте естіп көрмеспін.

Күлші бір жаным, күлші бір,  
Ақырғы мұздақ ерісін.  
Біздерге деген сыншы бір,  
Байқасын оң мен терісін.

Күлші бір жаным анықтап,  
Құртайық көлгір сыбырды.  
Еркінсіп мен де шарықтап,  
Түзейін қалған ғұмырды.

Сақтан сұлу,  
Ақынның назарынан,  
Жазғаны аз әлі де жазарынан.  
Өлең сөзге ілігіп кетіп қалма,  
Ол қиналса бір сенің азабыңнан.

Сақтан сұлу,  
Әкетер тілге үйіріп,  
Ол мүлгімес тұрғанда гүл бұйырып,  
Білесің бе?  
Жарқ еткен жанарыңнан,  
Жүрегіне тұрады жыр құйылып.

Сақтан сұлу,  
Қайтейін ұсақтап сыр.  
Ақын сені жырымен құшақтап тұр.  
Не де болса көңілін қалдырмашы,  
Өлең дария шалқысын ұзақтап бір.

## АЛТЫН АСЫҚ

«Алты бақан», «ақ сүйек», асық қайда,  
Телі құрдас, тату дос, ғашық қайда.  
Есіме алып соларды келе жатсам,  
Көз алдыма болды бір асық пайда.

Алшысынан жатты сол алтын асық,  
Сақамды алып иіріп, қалдым басып.  
Алтын асық — ақтуша аунап түсті,  
Қорғасын бел сақамен алқымдасып.

Озған аттай тепеңдеп, қақаң-қақаң,  
Бір құлпырып жөнделіп қалды сақам.  
Қайта оралдым балалық базарына,  
Еске түсіп «ақ сүйек», «алты бақан».

## ТЕКЕЛІ

Төгіліп жатса жолда гүл,  
Түседі еске Текелі.  
Бозбала күннің ол да бір,  
Бозала таулы мекені.

Шатқалда шымқай қарағай,  
Ішінде жалғыз ақ қайың.  
Сұлуды дос деп санамай,  
Көңілді қайда сақтайын.

Далаға шықсам шахтадан,  
Орандым сол бір сезімге,  
Жаңарып жаным жақсыдан,  
Қайыңшыл болды сөзім де.

Кес-кестеп өтті алдымнан,  
Жетсем де биік жайлауға.  
Ақ білек сілтеп шалғыннан,  
Шақырды бие байлауға.

О, махаббат құдіреті,  
Құтылмассың жүгірсең.  
Түсетін суға суреті,  
Тау көліне үңілсем.

Өзгелік еді жүрегім,  
Қайтейін азап шектім көп.  
Осы күнде жүремін,  
Бір көріп қана кеткім кеп.

Мінезің сенің тамаша,  
Бар тілекті ақтадың.  
Азапқа түсіп араша,  
Жанымды дерттен сақтадың.

Елжіреп, елтіп күлгенде,  
Демеймін сезім шақтадым.  
Жанарың жүрек тілгенде,  
Көрдің бе ниет аппағын.

Зекетің кетіп сүйгенде,  
Еркіме көніп баптадың.  
Ерінге ерін тигенде,  
Улады бойды татқаным.

Сәт түспей ғана жүр едік,  
Еркелі қолды қақпадың.  
Сол түнде біздер тіледік,  
Таңның да кештеу атқанын.

Тойладық көп жыл адасып,  
Махаббат ізді тапқанын.  
Тіледік бақыт жарасып,  
Сөнбейтін шырақ жаққанын.

## АЛЪБОМҒА

Қызықты күндер жоғалып,  
Жаныңды қайғы кемітсе,  
Қабыл ал жырым оралып,  
Бойыңда зілді жеңілтсе.

Кітапты ашып төріңде,  
Суреттен кеңес сұрап ал.  
Сыр білдірме өңіңде,  
Түсіңде ғана жылап ал.

Жалғанып күлкі жандарға,  
Шалқысаң бақыт молайып.  
Сен жақсы деген хабарға,  
Жүремін мен де зорайып.



Жүзің қандай жылы еді  
Жарқыл қаққан,  
Тірі жанды құлшынтқан қарқындатқан.  
Шырайыңнан ақ шұға нұр жауғанда,  
Жердің жүзі көрінер алтындатқан.

Жақындауға қасыңа ынтық едім,  
Тартушы еді қиядан ыстық демің.  
Содан артық дүниеде сезбей келем,  
Ет тірілтер ем дәру күштірегін.

Жүрегіңнен білмеймін түздім нені,  
Бала күнде ұмсынтып «бұздың мені».  
Шаршағанда бойымды сергітеді,  
Сол алғашқы лебің қыз күндегі.

Дәру-дәрмек аз емес беделі көп,  
Емшілердің арнайы берері көп.  
Мен қысылсам,  
Бір жұтым демің жетсін,  
Өзге дәру іздеме керегі жоқ.

## ТАҢДАНУ

Әр дыбысың көзі ашық,  
Жанарлы ғой,  
Сабырлы наз Сарыарқа самалды ғой.  
Тотым келіп іздеген тоғайлардан,  
Қайран жүрек қайыра жамалды ғой.  
Көз алдымда дүние жаңарды ғой.

Бәрі ғажап ән-әуен ырғағыңның,—  
Сырға баттым шуақты нұрға кірдім.  
Шабыттансам өзім де құр емес ем,  
Жазылмаған, жазатын жырға кірдім.—  
Бұлғағында әсем ән құндағының.


Ән жанымның ежелден қанағаты,  
Маған таныс әр дыбыс аманаты.  
Мәскеуліктер өнерге елтіп қалды.  
Жүректерді аралап қазақ аты.  
Ауылымның қыздары-ай  
Өндеріңе,  
Бұл дүниенің жетер ме ғаламаты.

Келе жатыр. Келе жатыр ғашығым,  
Тілейінші күннің шәйдай ашығын.  
Жазғытұрым шулы өзендей тасыдым,  
Отты сезім жатпайды ғой жасырын.

Келе жатыр көкірегіме нұр жауып,  
Алмасады-ау бір қуаныш бір қауіп,  
Жаушы жаңбыр! Жадырайын мен де бір,  
Сілкіп таста жүректің зіл құрсауын.

Бас айналды тербетіліп гүл беткей,  
Сақтайыншы ақ сезімді кірлетпей.  
Келе жатыр, келе жатыр қара көз,  
Сасып қалдым «алақайға!» тіл жетпей.

## **ҚӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ**



Миқы дала сияқты кең жазықтың,  
Шахта салып астынан кен қазыппын.  
Түнгі смена біткенше шыдай алмай,  
Сонда жырды, жүрегім, сен жазыпсың.

Сыбырласаң қағазға көшірмеппін,  
Қауырт қимыл бұзбаппын кешін көптің.  
Не ғажайып әйтеуір көрсем сонда,  
Көкірегімнен ешқашан өшірмеппін.

Тау қопарған тас бұзып дүбірімді,  
Жырға қосып жалғайын ғұмырымды,  
Өткен күнді есіңе мен салайын,  
Қайталашы, жүрегім, сыбырыңды.

## ҮНЕМІ МАЗАСЫЗ ІРЕҢІМ

Үнемі мазасыз іреңім,  
Тыныштық таппайды жүрегім.  
Жасымда көп ойнап көрмедім,  
Әлі де тым аздау күлемін.

Сол күлкі шықпаса жарылып,  
Кең дүние кетпей ме тарылып.  
Кей-кейде сауықшыл боламын.  
Өскен соң шаттыққа зарығып.

Ескі дос ғадетім жастайғы,  
Даңғазға дүрмектен сақтайды.  
Ойланып отырар жыр жазып,  
Оңаша кезімді жақтайды.

Есею тым ерте басталып,  
Еркелік базарын ашпадық.  
Тірегім тірлікте сол шығар,  
Үйрендім өзімді басқарып.

Өзге жүк көңілден тасталып,  
Жаттықсам өзімді басқарып.  
Егісім ел үшін болған соң,  
Көрмедім біреуден жасқанып.

Үнемі мазасыз іреңім,  
Үзбеймін көп істің ілегін.  
Ауырлық аунақшып түссе де,  
Жеңілдік күтпеші, білегім.

## ӨЗГЕРІС

Көрген түсің салғандай сенделіске,  
Өмір жылжып барады өзгерісте,  
Тұрақты деп біреуді топшыласаң,  
Ол жүреді тұрақты тербелісте.

Жарқыраса бояма алтынданып,  
Затын білмей жақтаймыз қарқынданып.  
Бер жағымен жәдігөй күле сөйлеп,  
Ар жағымен тұрмай ма салқынданып.

Зейін салмай сондай бір зерделі іске,  
Сәл-пәл жетпей жүреміз оң, теріске.  
Жайшылықта «шаппай бер» шулы тентек,  
Бармай жүр ғой бет жыртар төңкеріске.

Жауыңды да қолпаштап дос дегенің.  
Соңында жүр жалтақтап қос кемеңің,  
Шын сайыста бас бәйге бөктереді,  
Кейде үмітсіз жабайы бос дегенің.

Өзгерістің отырсаң санап бәрін,  
— Бұл қалай?— деп,  
Таңырқап қарақтадым.  
Кейде құйып тұтқиыл жел ашпай ма,  
Көңіліңнің нөмірсіз парақтарын.

Көктем маусым келгендей тыныстайсың,  
Қонбай жүрген құсыңды бір ұстайсың.  
Жан жағыңа абайлап тегіс қарап,  
Өзінді-өзің тоқтатып дұрыстайсың.

Ұққаным сол құбылыс-өзгерістен,  
Көкірек артық құралсыз көз көрістен.  
Жақсы дос та кетпей ме ажырасып  
Бойын тартып сен жөндеп көнген істен.



Болып кетсін бөтенсіп өзге ел, мейлі,  
Ол бәрібір жатбауыр сөзге ермейді.  
Керіссе де кейіспей табысады,  
Тек ақымақ ешқашан өзгермейді.

Бір қате жіберсең бас салып,  
Мен қабақ шытпайын қастанып.  
Сыйластық суыса сол жаман,  
Көкіректе түйіншек тас қалып.

Шыныңды айт, қашанда шешіліп,  
Кешірем, дос ниет есіліп.  
Өзімнің қатемді сен жайлы,  
Көрмеспін өзіме кешіріп.

## АҢШЫҒА

Аңшы — ағал  
Шаршадым тас қиратып,  
Қырға кенім жөнелді тасқын атып.  
Киігі көп далаға кетейікші.  
Аңға шығып келейік қасқыр атып.

Ақ бөкенді аш бөрі басынады.  
Басынады,  
билігін асырады.  
Сұлу қайтсін, ішқұста ашынады,  
Сая таппай көргенін жасырады.

Қара көзге мөлтілдеп қапа тұнды.  
Білем не мұң,  
аруға бататын-ды.  
Қасымызға ертпеңіз қастандықпен,  
Қасқыр атпай ақ бөкен ататынды.

Қызыл құмда кездесер тарлан шұбар,  
Бөлтірік те бәрі боп қалған шығар.  
Қанжығамыз көкжалға қарық болса,  
Құралайлар қуаныш алдан шұбар.

Түсінді ол  
Оқыс оқ тиетінді,  
Тоқтайықшы ұғынсын ниетімді.  
Анадайдан бір көріп қалайыншы,  
Талай жылдар сырымды білетінді.

Ұқсын өмір оралмас мезеттерін,  
Білсін аңсау, табысу кезектерін.  
Жалт қараса басылар шаршағаным,  
Қимастық деп түсінем тез өткенін.

## АУЫР ОЙ

Қарадың маған,  
Қар жауған ала көзбен.  
Сырын білем ала көз бала кезден.  
Шошып кеттім дүние не болар деп,  
Алаланса, мөп-мөлдір қара көздер.

Аңдамай қалдым,  
Ар жағын түсінбедім.  
Естен шықты қыран боп құс ілгенім.  
Жазғырғандай қарадың  
Жазықсыз ем,  
Бір ауыз сөз аузымнан түсірмедім.

Оқталдың маған  
Оқтаулы кірпігіңмен  
Сәт сол екен сұңқар да іркілінген.  
Қош айтысқан сөзіңнен ауыр екен  
Шыбын жанды кірпікке сілкіп ілген.

Ойсырап қалдым  
От жігер майырылғандай,  
Оқыс желден қос қанат қайырылғандай.  
Күн тұтылды,  
Жер, аспан қарауытты,  
Бар жарықтан дүние айырылғандай.

Қарадың маған  
Қатулы қабағыңмен,  
Сенімен бірге қоштастым бала күнмен.  
Сұрғылт аспан сұп-суық түсін көрдім,  
Ақ көңілге ала бұлт жаба кірген.

Мұздады денем,  
Дауылды көтере алмай.

Бадалып қалдым бұрылып кете де алмай.  
Қарт Алатау ақ бұлтпен бетін жапты,  
Жер бетінде кешірмес қате бардай.

Түйілдің маған  
Қыраулы қасыңменен,  
Осы екен ғой найзағай жасын деген.  
Түңілдім сонда,  
Шәк қойдым махаббатқа,  
Көкіректің түбінен тасылды өлең.

Ойлы деуші ем, нәзік жан, әрі шатты,  
Олай емес екенсің. Бәрі батты.  
Ой бұзылды,  
Көрінді бұл ғаламда,  
Бір анамнан басқаның бәрі қатты.

Ықпал да жанға игілік,  
Жақсылық шабыт қозғайды.  
Күншілдік етсең килігіп,  
Бәрібір атың озбайды.

Шабытсыз ақын ақын ба,  
Не болар біреу әперген.  
Жақында жаным жақында,  
Сен едің шабыт әкелген.

Қоштасып ертең қалады ел,  
Сертіңді ажал сақтайсың.  
Барымды менің ала бер  
Әйтпесе неге баптайсың.

Қателігім көп шығар,  
Жамандық бірақ таппайсың.  
Кеудем толы өрт шығар,  
Жалынын қалай шақтайсың.

Білемін бәрін мен анық,  
— «Ал кеттікке» бастайсың.  
Жатармын ертең дем алып,  
Жүректі қайда сақтайсың.

Жүрексіз қалсам әрине,  
Суалып қалған көлдеймін.  
Жүрексіз дене сәні не  
Өлімге де көнбеймін.

Қалайша жеңіл сөне алдық,  
Ажал-ау, мені басынба.  
Кетсең де қайда мені алып,  
Жүрегім жүрсін қасымда.

— Десеңші маған бер рахым,  
Жүрегің сенің жаралы.  
Сен кеткенде, ей, ақын,  
Жүрегің жерде қалады.

## АЙТА БЕРШІ ОЛ ЖАЙЛЫ

Жабырқап жаным, толғайды,  
Сағынбас күндер болмайды.  
Жалғызсырап кей-кейде,  
Күңгірт күндер орнайды.

Қой, десем де, қоймайды,  
Сорлы жүрек сондай-ды.  
Біздің халді жеткізіп,  
Кім бір хабар жолдайды.

Бұлдыр сағым ойнайды,  
Ойнайды да толғайды.  
Үнсіз ғана тыңдайын,  
Айта берші ол жайлы.



Жақында қане, қол алып,  
Жасқанбай ғана көрейін.  
Махаббат, үміт оралып,  
Қызыққа толсын мерейім.

Жалыным қайтып қалған жоқ  
Болса да кей бір сөнген күн.  
Ғашықтық сонда жалған деп,  
Айтуға да көнгенмін.

Ол күндер кетті келмеске,  
Таңдайға дәмі татымды,  
Амалым жоқ сенбеске,  
Жоқ десең менен жақынды.

Отырмын ойлы жұбанып,  
Аңсаған ашық таңдар кеп.  
Жасарды жаным шыр алып,  
Маған да ғашық жан бар деп.

## ДЕРТ ШЕКПЕ

Сүйесің ғой сен мені,  
Сүйісе алмай өтсек те.  
Өлең оқы оңаша,  
Оқы да, ұмыт, дерт шекпе.

Сағынасың, әрине,  
Сағымыз сынып кетсек те.  
Әнімді тыңда сен жайлы,  
Тыңда да, ұмыт, дерт шекпе.

Жүректе жатқан бір түйін,  
Ерімес ырым етсек те.  
Өзіңді байқа өлеңнен,  
Сонан соң, ұмыт, дерт шекпе.

Серттен тайса  
Үнсіз кеттім жалынбай,  
Басқа сұлу сүйді мені жанындай.  
Ащыны да, тұщыны да түсіндім,  
Махаббаттың уы менен балындай.

Асау тағдыр,  
Аямастай сынадың.  
Тұсау салдың  
Шідерледің, шыдадым.  
Тамұғыңнан жас күнімде шошынсам,  
Сәуле берді бүгін көрген жұмағым.

Тас түйіншек,  
Батса-дағы бір нүкте  
Жалған сөйлер мінезім жоқ сыр бүкпе.  
Сәтсіздіктен сәт әперген ақжолтай  
Ризамын осынау қызық тірлікке.

Сен берсең кейде маған ақыл-кеңес,  
Демеспін — бұл дәрісің мақұл емес.  
Тек қана өлең бұйрық тыңдамайды.  
Жүрегін алдағандар ақын емес.

Жан ортақ мен безгеннен безгендейсің.  
Аралап ой орманын кезгендейсің.  
Өзіңнен бұрын көрген қыздарды айтсам,  
Тексеріп бір ғаламат сезгендейсің.

Әрине, жан құпия қызық өлең,  
Біл сырын көп оқысаң қызып денең.  
Мен мәңгі махаббаттың айдынында,  
Өлеңді қайық қылып жүзіп өлем.

## КӨКТЕМ ЛЕБІ

Көктемде мен неге көлеңдеймін,  
Көкірекке төгілген өлеңдеймін.  
Айдында ай жатыр тербетіліп,  
Мен ғана әлдиге бөленбеймін.

Сағыныш назына тереңдеймін,  
Өңімдей түс көрсем сенердеймін.  
Көшеде көп кісі арасында,  
Көзге ыстық бір бейне көрердеймін

Бұтада бүршікке елеңдеймін,  
Бір хабар күндікке келер деймін.  
Көп түсті тюльпандар жайқалса,  
Қуаныш шашылған сенен деймін.

## ҚАБАҚТАР БІР-БІРІНЕ ШЫТЫЛМАСЫН

Жүрегім сөнбей тұрған нұр тілейді,  
Болғанда түн ортасы күн тілейді.  
Сағынып ақ жаңбырды көктемдегі,  
Көкірегім өз-өзінен күркіреді.

Болғаным сонда менің кімге құмар?  
Қаңтарда қарпылмайтын гүлге құмар.  
Қызығы басылмайтын жырға ғашық.  
Ғасырлар тыңдай берер күйге құмар.

Махаббат ғадауаттан ұтылмасын,  
Ешқашан аспанда күн тұтылмасын.  
Тілеген тірліктегі тілегім сол,  
Қабақтар бір-біріне шытылмасын.

## ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ АРУЫ

Қызылжардың етегінде тусаң да,  
Қызығарың тау қызына мен емес.  
Үздіккем жоқ үңіліп көз бұрсам да  
Ол өзіңе тең емес.

Сен Есілдің айдынында аққусың,  
Есімді алмас теңіз қызы мен көрген.  
Қайда жүрсің аққұба қыз-ақ сусын,  
Мені мәңгі меңгерген.

Әл береді жарылқайды, септейді,  
Дидарың жан дәруі.  
Бұл дүниеде саған сұлу жетпейді  
О, Қызылжар аруы.

## АҚЫННЫҢ ДОМБЫРАСЫ

Қалыпты жүдеп жетімек,  
Сауықшыл досы ақынның.  
Тұр екен көңілі шетінеп,  
Азасы батып жақынның.

Айырды тағдыр егізді,  
Сезеді жүйрік санасы.  
Осы екен ғой дегізді,  
Жер мен көктің арасы.

Құлшынысқа сақтаған,  
Жоқ бүгін дүлдүл серігі.  
Күй оралмас баптаған,  
Тым-тырыс бұлбұл желігі.

Жаудырайды пернелер,  
Парлаған көздің жасындай,  
Төгіліп түсер термелер,  
Түйілді сайдың тасындай.

Келмейді қайта келмейді,  
Жаңғырған үні жалғанбай.  
Бермейді дыбыс бермейді,  
Үзіліп шегі қалғандай.



Бәйгеге тұлпар кеш қостым,  
Ұзаққа жүріс созамын.  
Не десең о де беу, достым,  
Жұтпаймын мәстек тозаңын.

Ұнатып әлде, ұнаған,  
Пендеге арыз шақпадым.  
Жырымнан менің бір адам,  
Ем тапса сенім ақтадым.

Сәуегей сөйлеп жылтырап,  
Мақтағанға ермедім.  
Шешімін тапса бір сұрақ,  
Сол болар елге бергенім.

## ӨЛЕҢДЕР КЕТТІ ТҰНШЫҒЫП

(*Мұқағали Мақатаевқа*)

Үзілсе қайран сезім-гүл,  
Отырғам жоқ оңай боп.  
Шаң тастады көгілдір,  
Жыр жорғасы топай көк.

Көріп ем сәтті кездерін,  
Аспаннан жұлдыз алғандай.  
Естіп ем отты сөздерін,  
Аузына тәңірі салғандай.

Болса да мүмкін төр сенде,  
Тайсалмай айтар кей сырын.  
— «Лифте сұлу» көрсең де,  
«Гаккуің» артық, дейтұғын.

Аударып еді Дантениң,  
«Жұмағын» алмай, «тамұғын».  
Өмірдің де жан телім,  
Жаяулап көрді жабығын.

Құлшынса кейде ес кіріп,  
Еділдің лебі қаулайтын.  
Қазақы күйше естіліп,  
«Аппасионата» заулайтын.

Өкінсек те, шіркін-ай!  
Ол мықтының бірі ғой.  
Өлді деген ілкім ой,  
Түндігі өшпес, тірі ғой.

Ақын өлді демендер,  
Жыры жүр жерде құлшынып.  
Жазылмаған өлеңдер,  
Кетті ғой, әттең, тұншығып.

## КҮЗГІ ЖЕЛ

(Кен инженері *Балғабай Сөйөөмбетов*).

Өксiк жел тұрды,  
Өкiнiш өзек жұлғандай,  
Мезеттер сондай,  
Сөнер ме жырмен нұрланбай.  
Шахталардың мұнаралары да мұңайды,  
Балғабай атты бастығын ойлап тұрғандай.

Аяусыз дерттен,  
Аңдаусыз кеттi досымыз,  
Бiр асылын азайтты думан көшiмiз.  
Жезқазғанға топ-топ болып келiп ек,  
Бiр-бiрлеп кетiп барамыз-ау осы бiз.

Қаз-қатар ұшқан құстармен күзде аттанды,  
Жiгiт едi-ау,  
Әр iсi фибрат жаттанды.  
«Ақ патша» деушi ек,  
«Бiржан сал»— деушi ек,  
Тойларда,  
Сайранды күннiң бiр сағаты шақталды.

Ақжарқын бейне,  
Бай мiнезбен ұтатын.  
Көрмедiк кезiн,  
Күңiренiп, қабақ шытатын.  
Балаларды көкелеп көкке көтерiп,  
Үлкеннен үздiк кiшiнi аға тұтатын.

Жасыбай, Баян  
Сияқты жанға жағымды,  
Жан едi жайсаң,  
Ер мiнез аңғал ағынды.

Кереку көрбез ақсары жүзін аңсап бір,  
Шахталас достар бір ауыз сөзін сағынды.

Тауларға заңғар жақын еді самғар күн,  
Жезқазған даңқын өз даңқына жалғар күн.  
Сол күндерді  
Көрем деп жүрсем асығып,  
Туыпты бүгін тебіреніп өлең арнар күн.

Кенші мінез,  
Кемелдікке сай тұлға,  
Сыры көп қой өнеге қылып айтуға.  
Бара алмап едім шақырғанда аулына,  
Барам-ау енді,  
Басында тұрып қайтуға.

## АУРУХАНАДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Сұқтанып, тағдыр, тарынба,  
Аулаққа құлаш сермеймін.  
Шалқыған шабыт барында,  
Ажалға тізгін бермеймін.

Сертім бар дауыл ақ боран,  
Толқынды бөгет санамас.  
Ұмтылсам алға дос жаран,  
Түңіліп жерге қарамас.

Іздегенге таяныш,  
Болуға жастай батылмын.  
Жорықта етпес аяныш,  
Мінезі қонған ақынның.

Түйілме, ажал, сен сырттан,  
Аз боп тұр парыз ақталған,  
Айырма ерте ел жұрттан,  
Дер кезім еді бапталған.

Ауылға жетсем асығып,  
Жүректің шеті сөгілер.  
Дос-жаранға жасырып,  
Жазбаған жырым төгілер.

Ағайын, жекжат туысты,  
Аралап жүріп бір көрем.  
Біреу дос, біреу суысты,  
Арада жатыр мың белең.

— Ей, қалқа! Сезім тежеп қал,  
Оралса жастық жаңғырып.  
Мән бермес кейде мезет бар,  
Тұрса да бойға жан кіріп.

Дер едім, бірақ күн өзге,  
Тұрмайық ұқсап балаға.  
Жасқанып өсек, тіл сөзден,  
Жасырын маған қарама.

Өткендей болды бір ғасыр,  
Баянда үй, жай күйіңді.  
Өзгелік болдық біз қазір  
Сағыныш деген сұйылды.

Көп сұрақ қойсам ежіктеп,  
Болмасын қате сөзіңде,  
— Бір кезде тату едік — деп,  
Жасырмай жүрмін өзім де.

«Көрем де өлем» дегенге,  
Ауыр сөз айтпа сыншылар.  
Тірі жан бар ғой денемде,  
Тұншығып кетпей кім шыдар.

Сәнбейді сөзге нәзік от.  
Бір күйсем лаулап шын күйем.  
Осыған жаным разы боп,  
— Сүйгенім — десем, шын сүйем.

Шынымды айтып жан телім,  
Айласыз кеңес қозғаймын.  
Түсінбей кетсе қайтейін,  
Жалынып бекер тозбаймын.

Ережем жоқ жаттаған,  
Емдеуге жүрек жарасын.  
Жөн тапсақ түгел ақтарам,  
Өмірдің ақ пен қарасын.

Құштарлы жанға — қалайша,  
Құлшынып көңіл бөлмессің.  
Шарбаттың уы молайса,  
Құдай-ау, қалай өлмессің.

Қалтқысыз бірлік орнаса,  
Шаттыққа, шерге тояйын.  
Осының бірі болмаса,  
Кездеспей-ақ қояйын.

Ай жүзіңнен нұр жауар,  
Ақшағыл нәзік сәуледей.  
Тірліктен жаным не табар,  
Өзіңмен келген әуредей.

Алмайын десең мазамды,  
Әуелде неге жуыттың.  
Алатын сенен жазамды,  
Бақыт деп туыппын.



Талапсыз мақсат жетесіз,  
Кетіретер қадыр-ұятты.  
Ол мысалға,  
Некесіз  
Алдамшы «ғашық» сияқты.

Қай құдай сүйеп жебейді,  
Өнерсізді сұмданған.  
Ел — тұлпарым — демейді,  
Есекті ат боп ұрланған.

Айылы бос қой,  
Қараңдар,  
Ері кетіп барады.  
Жөн айтса есті адамдар,  
Кері кетіп барады.

Кідірsem өзің жайлы, жазбай өлең,  
Сыртым салқын,  
Ішім от маздай берем.  
Өткінші емес телегей төгілуге,  
Жауар бұлтын жанымның аздай көрем.

Айтқызбайды досына өкпе нені,  
Жазбадың — деп,  
Жазғырып сөкпе мені.  
Домбыраның қос шегі үйлеспей жүр,  
Баяндауға баяғы көктемені.

Керегі не сондайға өкпенің де,  
Жүдеп қалам зіл тастап өткенінде.  
Жазғанымнан табылар жадымдағым,  
Өзіңді ойлап өртеніп кеткенімде.

## ДҮНИЕ

Дүние, көріп жүрмін дауылыңды,  
Көтердім арқалатқан ауырыңды.  
Өзімді аямадым ажал бар деп,  
Сен кейде қимасаң да тәуіріңді.

Майысқан қарлығаштың қанатындай,  
Жүрегім жүз бүктеліп қалатындай,  
Махаббат, менің қандай жазығым бар,  
Әуреге өле өлгенше салатындай.

Сондайда қамықпадым, шарықтадым,  
Жырлауға сағынышты жалықпадым.  
Тіршілік, бар әуреңмен жақсы екенсің,  
Мен сені сүйгенімді анықтадым.

Махаббат қайда бұлжымас,  
Тірліктің жалғыз тірегі.  
Өзіңді айтпай тыншымас,  
Ақынның дертшіл жүрегі.

Көлеңке іздеп сыр бүккен,  
Құпия күндер таусылды.  
Газетке қарап жыр күтсең,  
Ести бер айқын даусымды.

Қой десең қоймай өшігіп,  
Сағыныш желі таусылмас.  
Өлеңіме қосылып,  
Оңашада мауқың бас.

## ДОМБЫРА СЫРЫ

Досыма домбырамды берем дедім,  
Бәйбішем сонда аң-таң елеңдеді.  
— Үйренген үні жақсы — деп салмақтап,  
Сөз-қармақ бісмілләдан тереңдеді.

— Демеуші ең қос домбыра бірін артық,  
Кезекпен сөйлетуші ең сырын сарқып.  
Ақынға бір домбыра аз болмай ма,  
Ертең-ақ аһ ұрарсың бүгін шалқып.

Бар шығар қимастығы үнін тәтті,  
Сондықтан неге тисін тілім қатты.  
— Өзің де жалғыз әйел емессің бе?—  
дегенде,  
— Берсең бер,— деп күлім қақты.

Шын махаббат — зор бақыт  
Серттескен сөзін жұтпайды.  
Біріне бірін қорғатып,  
Тіріде көңіл жықпайды.

Мейірім қанар сондайды,  
Көргенде алыс, жақыннан.  
Тебіреніп жаным толғайды,  
Мезетті ғұмыр татынған.

Құстарды тыңдап айдында,  
Естимін шексіз көп үнді.  
Жарысып шаттық, қайғым да  
Есіме салар жоғымды.

Жараспас жалған жақындық,  
Махаббат зардап шеккесін.  
Не болар тәтті татулық,  
Бір өсек бұзып кеткесін.

Шын махаббат — зор байлық,  
Арманға бірге жетеді.  
Нәр іздеп жүрек жалғарлық,  
Бірігіп жаны кетеді.

Сөйлейді сұлу пернелер,  
Ой кеткенге бағынып.  
Есептеп күнді сен келер,  
Бөленем күйге табынып.

Әнекей, қос шек қосылды,  
Мағынасы жатық мән беріп.  
Қуаныш жігер өсірді,  
Құлшына бердім сәнденіп.

Әкелді шабыт ән тиеп,  
Бір-бірлеп қақтым шекті бос.  
Домбыра сонда жан сүйеп,  
Сырласты бірге ескі дос.

# КАВКАЗДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕР





## КАВКАЗДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН»

Кавказдағы «Қазақстан» дегенде,  
Жүргендейсің теңізде өз кемеңде.  
Ессентуки төрінде ем сарайы,  
Есендіктің дәмін таттым сенен де.

Жасыл аула, әсем гүлзар — текемет,  
Көк шаршалар, фонтан...  
Қызық өте көп,  
Қажылыққа бара жатқан Құнанбай,  
Айтар ма еді міне, нағыз Меке деп.

Қызыл арай қабырға тас Каспийлік,  
Кең көшеге жосап тұр ғой бос билік.  
Кім болса да сәулетшісі осы үйдің,  
Риза болып алғыс арнап, бас идік.

Түрлі мәрмәр босағасы сатысы,  
Қара тас мәнерлі екен сәкісі.  
Қарай қалсаң қазақшылап сөйлеп тұр,  
Қиюласқан ою, өрнек жатысы.

Дөп-дөңгелек кигіз үйдей бассейн,  
Дертке дауа іздетпейді басқа емін.  
Көкше, Баян көп көлінің біріндей,  
Бір шомылсаң шегерер бір жас кейін.

Демен арзан бүкіл Кавказ еңбегі,  
Тірі нарзан ванналары кем бе еді.  
Тамбуканның ыстық дәру сазына,  
Тау сұлуы орап, қымтап емдеді.

Өзге шипа бар ғой неше бунағы,  
Сілті, қышқыл, минералды сулары.

Қай аруды он сегізге оралтып,  
Қай жігіттің бүйрек, бауырын жумады.

Ем сарайы «Қазақстан» ғаламат,  
Самал жұттық кең ауласын аралап.  
Тау сұлуы, еріп кетпе әніме,  
Осындайда бір көру де қанағат.

## АҚЫН ЖӘНЕ ТАУ

*Расул Ғамзатовқа*

Тау да ақындай,  
Ақжарқын ақынжанды.  
Көкірегіне кен түйіп асылданды.  
Бар жиһазын аянбай елге беріп,  
Армандады ақ сандық ашылғанды.

Жер бетінен жатса да әрегірек,  
Кен — деп халық ат берді әдемілеп,  
Тебіренбесең шықпайтын тереңдерден,  
Өлеңге ұқсас кеннің де әлегі көп.

Ақындықты мен-дағы қабылдадым,  
Тағдырыма өкпе жоқ,  
Жаңылмадым.  
Жүрегіме тап-таза жыр ұялап,  
Кенді таудай бақыт қой танылғаным.

Тау да ақын,  
Ақын — тау ашылған жыр.  
Екеуі де жеткізер ғасырға сыр.  
Ардақтасам аға — деп шешімім сол,  
Кавказ да бір мен үшін Расул да бір.

## ҚҰРБЫ СӨЗІ

Өлеңді оқи, оқи жаттадым,  
Сыры таныс кітабыңды сақтадым.  
Білмейсің ғой  
Айта алмаймын өзім де,  
Әрбір сөздің маған қатты батқанын.

Тілге жатық махаббаттың тақпағы,  
Бәрі шындық жаным сүйіп тапқаны.  
Бүкіл елге айқарылған  
Сол жүрек,  
Қиын екен маған жабық жатқаны.

Егіліп тұрмын егін деп,  
Көктемім келді көгіндеп.  
Жүрексіз тұрмын үндемей,  
Жүрегім сенде — дегім кеп.

Арыз наз іштен төгілді,  
Жайнаттың нұрлы көгімді.  
Үніңнен сенің іздедім,  
Кавказға бітпес көп үнді.

Басылды ескі дос мұңы,  
Ырымға жақсы қос мұны,  
Құттықтап бізге қарайды,  
Эльбрус таудың қос шыңы.

Тірі тұрмын не етейін,  
Мәжнүн болып кетейін,  
Жоқ... мен осынау өмірде  
Махаббат бар деп өтейін.

Ойнасам да  
Ойымды айтам досыма.  
Шенемеймін шенді «дөйге» қосыла,  
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме.  
Жақсы досың соқпай өтсе қасыңа.

Елгезекке емеспін бос үйіршек,  
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.  
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,  
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

## ЖҰҺАР

Эльбрус етегінде көрдім жұһар,  
Желбіреп жапырағы шашқан жұпар.  
Бір қайран сондай еді бала-ғашық,  
Бал тамған қызыл ернін сүймей жұтар.

Жұһардың өңі қызыл ерек кескін,  
Алыстан күз болған терек дестім.  
Туғалы бір көрмеген ғаламатпен,  
Ей-қалқа, танысуға себептестің.

Жапырағы тиіп кетсе қызыл жібек,  
Лып етер салқын денең қызып үдеп.  
Кавказдың күйеу тосқан қызы дерсің,  
Бота көз, марал білек, құлын жүрек.

Жігіттер жұһар алсаң Эльбрус бар,  
Сұлу деп қызыл ағаш ел дұрыстар.  
Тауда өскен жас иісін адам дерсің,  
Достым-ау мен емделдім, сен дұрыстал.



## КАБАРДИН АҢЫЗЫ

Кавказдық досым *Барасби Нумеховне*

— Орындалар өз арман әдемі үміт,  
Сүйгеніңді білейін қане, жігіт.  
Өз анаңның жүрегін әкел — депті,—  
Әмір құрып сұлулық, әдемілік.

Қаталдық па,  
Әдейі тор құрғандық па.  
Қыз сынағы симайды имандыққа.  
Қу бас болып дүниеден өтсе-дағы.  
Жігіт қимас анасын құрбандыққа.

Ана бәрін естіді. Шыдамады.  
Шыдамады,  
Өзге өмір сұрамады.  
Жұлып алып жүрегін ұсынды да,  
Апар!— деді. Екі сөз құрамады.

Оттай ыстық жүрегін анасының,  
Жігіт ала жөнелді аласұрып.  
Жүрек сонда сөйледі баппен ғана:  
«Бақытты бол құлыным, қарашығым».

Қызға ұстатып жүректі тілге келмей,  
Қанжарды алып жіберді бірге сермей.  
Содан кейін шатқалға жетті жігіт,  
Кетті құлап ел жұрттың бетін көрмей.

## КАБАРДА ҚЫЗЫ

(өзіл)

Асыл құрбым, ашық маңдай,  
Телміресің ғашық жандай.  
Қарақат көздер қадалғанда,  
Жүрегімді ашытқандай.

Жанарыңнан нұр аулаймын,  
Сенсіз сайран құра алмаймын.  
Тым болмаса бір көрем деп,  
Жанап өтпей жүре алмаймын.

Қарақат көздер мазалайды,  
Жазығым жоқ жазалайды.  
Бір сүйгізші, бір сүйгенің,  
Барлық дерттен тазалайды.

Сенсіз жерде тынысым жоқ,  
Елге оралам жұмысым көп.  
Мұртты жігіт мызғымайды,  
— Саған даяр қылышым — деп.

Кабарда қыз, тамаша би,  
Махаббатқа жол ашар күй.  
Тау жігіті байқамасын,  
Тау сұлуы оңаша сүй.

\* \* \*

Қара жерге бәйтерек,  
Жайғандай терең тамырын,  
Келемін саған еркелеп,  
Туған ел майса мамырым.

Қымыз иіс, қыз иіс,  
Жусаны жұпар кең дала.  
Біткенше демге үзіліс,  
Құмарым менің сен ғана.

## ЭЛЬБРУСҚА ҚАРАШЫ

Эльбрус тауға қарашы  
Ессентуки жағынан  
Көз алма адам баласы,  
Тау патша тұрса тағынан  
Даланың маңғаз тумасы,  
Мекенін мәңгі тапқандай,  
Көкшенің ақ бас бурасы,  
Кавказға келіп жатқандай.  
Қызыққа жаның көмілер,  
Қос өркеш жоны жалтырап,  
Алмасқа күміс төгілер,  
Күн сүйген ақ қар жарқырап.  
Бұлттардың шымқай төрінде,  
Егіз шың адам досы ма,  
Алыстан айқын көрінер,  
Даналық деген осы ма?  
Мың құмарың басылар,  
Қиялың жетпес көрік бар,  
Көгілдір тұман жасырар,  
Досым-ау, жылдам көріп қал.

Эльбрус тауға қарашы,  
Тілдесер қонақ қазақпен.  
Жолыңды сәтті санашы,  
Татулық құрған ғажаппен.  
Көлеңдер көзге ұрғандай,  
Жан баурап сәуле жылумен.  
Сезерсің жалғыз тұрғандай,  
Қол жетпес тәңірі сұлумен.

Ықылас құрса алаңсыз,  
Жүзінен шаттық мұнартып,  
Кетеді тағы қабарсыз,  
Сағыныш атты жүк артып.

Қош айтысар, асығар,  
Ол қайтсын, мейлің өліп тал,  
Шымылдық бұлттар жасырар,  
Ойпырмай, досым, көріп қал.

# ПОЭМАЛАР



I

Қойнауда жатқан  
Ақ көлді тәнсіп, икемдеп,  
Қарағай, қайың,  
Қамысқа жылы сүйкенбек.  
Төбіреніп кеттім,  
Ынтызар жүрек үлкен деп,  
Құшақтап бәрін,  
Құшырым қана сүйсем деп.

Сезімтал әуен,  
Шырайлы шаттық тасыған.  
Айдында жалғыз аққуды көріп,  
асығам.  
Жосыған жонда  
асылып еркем сағымға,  
Көл бетінде  
Көсіліп жатты ғашық ән.

Жігерлі әннен,  
Жан ашыр қылық сезем мен.  
Осы ма дерсің,  
Іздеген үнім ежелден.  
Оң қабағым  
Япырмай жиі тартады,  
Жіпсіді білем  
Күлкісіз ернім кезерген.

Елеңдеп келем,  
Көмекшіл көзбен қарайлап.  
Бөленді әнге,  
Кешкі күн сүйген бар аймақ.  
Малшынды жаным,



Аққудың сиқыр сазына,  
Ұғам деп сырын  
Әуенге тұнған бал қаймақ.

Тыныштық қайда  
дамылсыз көшкін өмірде,  
Мүдірсең сәл-пәл  
Қарамас қапы көңілге.  
Аққудай еді-ау,  
Менің де алыс арманым,  
Махаббаттың  
Жүзген тұңғыш көлінде.

Таңырқап кейде  
Көктемді мейлі күз дедім.  
Бейнеттен шошып,  
Зейнеттен күдер үзбедім.  
Сұлулық, пәктік  
Іңкәр еді ежелгі,  
Аңсаған іңжу  
асылым болса тізгенім.

Не жетер дейсің  
Сұлуға көңіл бөлгенге,  
Лүпілдер жүрек.  
Ынтық зар кезін көргенде.  
Сылдырлап қамыс  
Алдымда аққу әндетсе,  
Әудемде дүние,  
Орнады әсем дәуренге.

Ғаламат сол ғой,  
Сұлудың жаны ашық кез,  
Кірпіктер тоқта.  
Қарасын көкірек ашып көз,  
Салтанат қайда

Осыдан асар адамға,  
Жасасын дей бер  
ақжарма, дархан ғашық кез.

Ғашық кез — маусым,  
Мамыржай жұмақ орнайды,  
Қызығың әлем,  
бақытың онсыз толмайды.  
Шіркін-ай деймін,  
есіме түсіп өткен күн,  
Адамдар неге  
үнемі ғашық болмайды.

Ғашық кез жайлы  
тым келте айту сараңдық,  
Қанатты мезет,  
Жүректі жебеп нәр алдық.  
Сыйламау оны  
Өзіңе деген қараңдық,  
Саналы пенде,  
Ғашық кез жебеп жаралдық.

Ғашық кез — дәурен  
шақырып тұрған бірлікке,  
Сол үшін ғана  
елгендей болам тірлікке.  
Әлемге мынау,  
достарға, сәулем өзіңе,  
Ғашықпын мен де,  
Күдіктен ада бір нүкте.

Ғашықсыз өмір,  
Заяға кеткен зіл-зала.  
Ондайды жаным  
Естіме, көрме, жырлама.  
Әнекей, өнеі

Ғашық боп қалды аққуға,  
Орман, су тоғай,  
Жұпарлы жусан,  
Гүл — дала.

Мелшиген жартас  
Тіріліп кетті ақшамда,  
Тас екеш тас та,  
Сүйсініп көзін ашқан ба?  
Өзгені қайтем,  
Есімнен тандым өзім де  
Не десін жігіт,  
Сұлуды көріп сасқанда.

Аққудың сонда  
Қанатын сипау армандай,  
Қиналып едім,  
Жүрекке жүрек жалғанбай.  
Такаппар, кербез  
бұрылмай қалқып барады,  
Құмартқан жанды,  
Қиядан көзі шалғандай.

## II

Естілді дыбыс  
Жел шайқап қамыс тербелді,  
Жылжиды аққу  
Қиындап жылжу сенделді,  
Көгілдір орман  
Самалдан кешкі қызғандым,  
Шырайлы жанды  
Кім оның жанын меңгерді.

Қараймын қайта,  
ашқандай қызық кітапты,

Қараймын сілкіп,  
Күрке тал жазғы бұтақты.  
Әнекей деймін  
Іңкәр кез, нағыз ғашық кез,  
Қай пенде оның  
Жұлдызын сөнген тұтатты.

Сұлуға сондай  
Ежелден болсақ еміншек,  
Екі көз неге  
тартады кейін шегіншек.  
Жел жыртқан қамыс  
Ар жағына көз салсам.  
Жағада отыр  
Ақ балтыр жалғыз келіншек.

Төгілме шашы  
Желбіреп желге өрілмей,  
Иығын жапты,  
Қамыстан жігі бөлінбей.  
Дәл солай қарай  
Аққу да қалқып келеді,  
емініп елтіп  
Көгеннің егіз төліндей.

Ерке құс сылқым  
Созады шіркін сыңқылды,  
Жұмылтты көзді,  
Үзілме әуен мың түрлі.  
Көлеңке сурет  
Қосаққа еріп судағы  
Қанатын серпіп.  
Аруға аққу ұмтылды.

Масаңсып аймақ  
естіртпей ызың бір шыбын,

Нұрға нұр жауды,  
албырай түсті гүл шырын.  
Тазарды дүние,  
Тіршілікте кіршік жоқ,  
Патшалық құрды,  
Құштарлық сепкен сыршыл үн.

Ән салған сонда  
ойлама жалғыз аққу деп.  
Келіншек отыр  
Қосыла шырқап «Гаккулеп».  
Еңкейген күн де  
елжіреп елтіп барады,  
таңырқап қайран,  
таңдайды мен де қақтым көп.

Басылды жел де  
үрпейген қамыс жай тапты,  
Таудың да бойын  
Балқытты ғажап ән тәтті.  
Тамылжып тұрса  
Сүйгенсіп емес шын ғашық.  
Тілеулес әуен  
Іштегі шерді тарқатты.

Теңселтті тегіс  
Ақ көлдің сол ән шарасын  
Аралап кетті  
Сарыарқа сайын даласын.  
Құлшынды аққу  
енесін емер құлындай,  
Киіктей сезген  
Қатерден сақтар панасын.

Жақындап келіп  
ымдасқан болды иіліп,

Кетер ме дерсің  
үздіккен қыршын қиылып.  
Мойнын да созды,  
Келіншек мойнын тұзақтап.  
Ақ балтырға  
тақады төсін сүйініп.

Қоғалы қамыс  
Салалы құрақ, шыт шарбақ,  
Мекенін тапты  
Келіншек шарбат, құс ләззат.  
Құшақтасқан  
Арумен аққу бейнесін,  
Көргенім қайран,  
Ертегі дерсің түс заузат.

Тастарсың қайда  
Қиялдың сонда жетегін,  
Шабытты сәтте  
Турашыл ойға кетемін.  
Табиғат пен  
Адамның айтып достығын,  
Орнатқан суға,  
Мүсін бе дерсің екеуін.

Татсақ та талай  
Қызықтап күннің тәттісін,  
Біле алмай жүрміз  
Өмірде бақыт тапшысын.  
Алдау да бар ғой  
Құс мінез адал ғашықты,  
батқызып мұңға,  
татқызып қасірет ащысын.

Аққу мен ару  
Көбейтсе көңіл хоштығын,

Сыйласар себеп  
Не болды екен, қосты кім?  
Саналы өмір  
Бір сыры бар ежелден.  
Табиғатпен  
Үзбейтін адам достығын.

Төгілген сәуле  
Тамылжып тұрған нұр шуақ,  
Қобалжытты  
Жанымды арбап жыр шұбап.  
О, туған жер!  
Сексен көл сырын сезбесем,  
Кеудемде менің  
тұтанар ма еді мың шырақ.

### III

Ескі аңыз емес  
Ел жаттап жаяу жайылған,  
Білемін ажал  
Аққуды дастан айырған;  
Бірге өлем деп,  
Құлап түсіп аспаннан,  
Тірі қалған.  
Ақ көлге тағдыр қайырған.

Мәрттікке басқан  
Тамұққа салса көнем деп,  
Амалы нешік  
Өле алмай қалса өлем деп.  
Шала жансар  
Шалғынға құлап түскенде,  
Кездесті пенде,  
Жарындай көзге елеңдеп.

Сынығын сипап  
Аяулы жанға емдеген,  
Өзгеге айтпас  
Төгілді талай шер деген.  
«Жұмаққа жеттім»  
«Қосылдым — деп — жарына»,  
Әу баста аққу  
Тірлікке көп күн сенбеген.

Келіншек осы  
Күтімдеп, баулап жемдеген,  
Періште сол ғой,  
Ажалға құсты бермеген.  
Екіге бөлсе.  
Жан сыры жақсы емделсе,  
Қиындық қайда,  
Жүрегі бірлер жеңбеген.

Өмірден алдым.  
Қайтейін бояп мәнерлеп,  
Өлеңге қостым  
Парызым, ақын кәдем деп.  
Өлмейді екен  
Сүйсінері бар болса,  
Махаббат үшін  
Мерт болған жандар әдейілеп.

Келіншек ол да,  
Ақ көлге тегін келмейтін,  
Айырылысса да,  
ұмыту бар деп сенбейтін.  
«Гәккуге» басып,  
Тоғайды тоқсан толғантып,  
Аққулар келсе,  
Айдынға құлаш сермейтін.



Аққу да қайран  
ашқандай өмір санасын,  
Ұмтылатын  
Көргендей туған анасын.  
Екеуі еркін  
Күлетін кейде жылайтын,  
Жазатын солай,  
Көкіректің шерлі жарасын.

Бір құлап барып  
Оралған жандар осылай,  
Шыдасын қайтып,  
Қызыққа кенет шошымай.  
Сондайдың бірін  
Өз көзіммен көрген соң,  
жата ма менің  
Кеудемде жырым жосымай.

Аққусыз жерде  
Сағыныш дерті меңдеген,  
Оралса құстар  
Алыстан аңсап мен келем.  
Ән тотығып,  
Жыр жалғанбас кезімде  
Ақ көлге барып,  
Ғашық ән тыңдап емделем.

Мың көлік жерге,  
Алдымда ойнар мың көрік,  
Үндемей өтер,  
Аққуым қалқып  
Мұң бөліп.  
Жөнделіп қалам,  
аңсаған арман бермендеп,  
Есіме түскен  
Елесті жаным шын көріп.

Тыңайып қалам.  
Толқыған көңіл толастап,  
Егіздей едік  
Болмады бірге жол ашпақ.  
Алыстан ғана  
Саулығын сұрап өтемін,  
Ниетім жоқ қой  
Зіл артып жүрек тонаспақ.

Сауықтым мен де,  
Жасай бер аққу, сен де өлме  
Қолыңда барды,  
Жоғыңнан бірақ кем көрме.  
Періште досың  
Келіншекке сәлем айт,  
Сендермен сәнді  
Дүние деген кең көрме.

Бозбала күнде  
Жолдарға шалғай асықтық  
Барамыз әлі  
Бел-белес өрден асып тік.  
Кездесу қайда,  
Хабарын білсем бір жасап,  
Ұлғая берер  
Өмірге деген ғашықтық.

Ауылға жетсем  
Ақ көлге қарай асығам,  
Қалқыған аққу  
Келмейді кеткім қасыңнан  
Думанды кездің  
Қызуы бойға оралса,  
Құпия сырын өзімнен де жасырам.

## ТОТЫНЫҢ ТОҚСАН ТАРАУЫ

Тоты көрдім тоғайға оралмаған,  
Салтанаты, сауығы жоғалмаған.  
Мейірімді, мерейлі келбетіне,  
Теңеу іздеп, сұқтану  
Обал маған.

Жабайы емес,  
Ғажайып «жұмақ құсы»,  
Мәпелеген бір үйдің тұрақтысы.  
Тор ішінде сыланып түрленеді,  
Өзін-өзі келгендей сынатқысы.

Аты қызық,  
Адамзат кенарь деген,  
Өңі берік,  
Мұң-зарға берілмеген.  
Сиқыр сұлу сазына салса екен, деп,  
Құмартамын әніне терілмеген.

Денесінің көз тартқыш бояулары,  
Түбіт талшық,  
Көзі ашық, ояу бәрі.  
Айқын-сары, қара-көк,  
Қына қызыл,  
Кемпірқосақ сияқты бояулары.

Жасыл-ала,  
Шырақгүл шытырадай,  
Қауырсындар жатыр ғой бытырамай.  
Гүл қауыздың ішінде бәле гүлдей,  
Аққа қызыл алмасқан шытынамай.

Түрлі түспен тізілтіп уықтаған,  
Мойны сұңғақ,

Ақ бұғақ сынықтаған.  
Әлде кімді еріксіз елестетті,  
Тату өскен күндерді ұмытпаған.

Аяқ қандай десеңші, аяқ қандай?!  
Бипыл-типыл басады таяқтанбай.  
Сондай еді...  
О, қайран бір, екі аяқ,  
Шыдай алмай барамын қарап қалмай.

Отыр дей ме ойланып, дос танымай,  
Әрекетшіл,  
Әурешіл оспағын-ай.  
Неге ғана жарқ етті қарашықтар,  
Сүт бетінде жүзген қос тарыдай.

Көрсем сол бір ғажайып құдіретті,  
Өшкен сезім өзеуреп, сыбыр етті.  
Дүрбісімен жүректің үлкейтемін,  
Кішірейтіп салынған суретті.

Осындайға қандырып қанағатын,  
Сынық жүрек кезі бар жамалатын.  
Қарсы алдымда тірі отыр,  
Танып тұрмын,  
Дүниенің сегізінші ғаламатын.

Ғаламаттың, деп қалма, шамалысы,  
Сәулет емес,  
Сәулеткер саналысы.  
Сурет те емес,  
Суреткер бағалысы  
Әрі сұлу,  
Әрі әнші, әрі күйші,  
Жүрегiнiң мұңы бар жаралысы.

Тұла бойы сұлулық сарқылмаған,  
Балғын дене,  
Жауқазын қарпылмаған.  
Балет көріп отырған сияқтымын,  
Өзімде жоқ біткенде қарқын маған.

Өз бетімен салтанат құрмайды екен,  
Адам әнін әуелі тыңдайды екен:  
Домбырама, әніме таңдай қақты,  
Сайрап кетті,  
Сайраса — тынбайды екен.

Тәтті түске өңімді алмастырып,  
Бұл қияли есімнен қалмас қылық.  
Мен тоқтадым,  
Ол үзбей шырқап жатыр,  
Қазақ әнін, құстарша жалғастырып.

Тоты толғақ бір-бірлеп лыпылдайды,  
Таза әуенге кең бөлме лықылдайды.  
Жеткізгендей бабына «құлақ күйін»  
Ұзақ созып  
Сылқылдап, тыпырлайды.

Музыканың келгендей сабағына,  
Дыбыс тыңдап,  
Қараймын қабағына.  
Таңырқадым алғашқы тарауына,  
Басып жатқан көмекей шанағына.

Бірде, тық-тық әдемі шықылықтап,  
Ерке қыздай күледі сықылықтап.  
Қос жанарын жұмады,  
Тас қараңғы,  
Сайрағандай тасада тығылып қап.

Толғай толғай тебірене күй ақтарып,  
Кетті аспан, жер, дүние құлақтанып.

Түн ортасы көрінді боз ала таң,  
Ленинградтың ақ түні сияқтанып.

Сәуле бергіш,  
Жандырғыш дыбысында,  
Сүйсіндіргіш,  
Сыйпағыш тынысында,  
Қасиет бар жан баурап, ғашық еткіш,  
Көңілден нұр, көзден сыр ұғысында.

Қарлығаш үн шалғайға көсіледі,  
Жан дүниеңді жұмаққа көшіреді.  
Тіршіліктің мезеті қымбаттайды,  
Әй, не керек!  
Көңілді өсіреді.

Көмекейге көмілте салғызды әнді,  
Жұрт тым-тырыс құс көмей жалғызданды.  
Қызыл қамзол,  
Ақ көйлек,  
Жасыл бөрік,  
Кигіз үйде билеген сал қызданды.

Дәмелентіп,  
Дәндетіп, ала қашып,  
Дей ме маған — әнге еріп далаға шық!  
Терезеге қарауға шошынамын,  
Келіп қана қалғандай бала-ғашық.

Қыздырмалап, тамсантаып, тақымдаса,  
Өң бермеймін,  
Байғұста хақым қанша.  
Ықпалына еріксіз көндіреді,  
Тыңдаушысы түзелген ақындарша.

Құпия сыр жәй, тегін ағыла ма,  
Сайрай-сайрай жетті ме бабына да.

Жырлай-жырлай жүректен гауһар шашып,  
Қасында жоқ сыңарын сағына ма.

Қарай-қарай шілтелі шарбағына,  
Көңіл-күйін біллеті жалғады ма.  
Әлде сүйген серігі серттен тайып,  
Түсті ме екен тағдырдың қармағына.

Отырады,  
Қайтеді. Ұша алмайды.  
Толқып, толқып әдемі түс аулайды  
Төгілген ән түсер ме алақанға,  
Құшақ жетпес дүниені құша алмайды.

Білінбейді талмаурап, алқынғаны,  
Тарау-тарау иірім жарқылдады.  
Ақ тамшылап,  
Тізілтіп,  
Жіңішкертіп,  
Үзіп алмай, қайтадан қарқындады.

Ән маздады біздерді басқарып ап,  
Титімдей тіл тынбайды,  
Қақсады жақ.  
Тоты кетті түрленіп,  
Темір шарбақ  
Сым тор емес, көрінді «аспалы бақ».<sup>1</sup>

Күзгі орманда бүлдірген тергенімдей,  
Бір-бір жылдап қырыққа келгенімдей,  
Тамшы, тамшы тамады  
Алақанға,  
Нұрдың суын толтырып бергеніндей

---

<sup>1</sup> Әлемдегі жеті ғаламаттың бірі — көне Вавилондағы «Семи-рамиданың аспалы бағы».

Әр тамшымен тап-таза шындық келді,  
Құс құпия жасырған, білдік шерді.  
Ақ қағазға түсуге асықтырып,  
Тарау-тарау жадымда жыр бүктелді.

Көз алдымда Сарыарқа далалары,  
Сайрап жатыр орманды салалары.  
Толып кеткен тотыдай көрінеді,  
Көкше, Баян, Ұлытау аралары.

Ауа әндетті,  
Әнші пәс, үн шығармай,  
Сиқырлайды, түсінер сыншы қандай.  
Бір жүректі бір жүрек  
Көріп отыр,  
Тамашаға болдым ғой тұншығардай.

Әуелетіп тағы да төгілімі,  
Жаңа тарау басталды — өмір үні.  
Босап-босап кеткендей жеміт көңіл,  
Көрінеді суыртпақ сөгілімі.

Мәз болғанға тотыны мен көрдім деп,  
Ол түрленді.  
«Ән бастау сен бердің» — деп.  
Шыдай алмай барамын «аспалы бақ»  
Әткеншегі ішінде тербелгім кеп.

Тізбектелді басылмай ән есесі,  
Қабатталды туғандай әр нешесі.  
Аққан селдей көктемгі вальстерге,  
Толып кетті Мәскеудің бар көшесі.

Мың-мың тармақ,  
Мажорлы, минорлы елес,  
Адамдармен құрады күйлер кеңес.



Балы тамған балғын ән естігенде,  
Жоғалтқанын кім қайтып келер демес.

Кейде әуен сыбызғы сырғағындай,  
Көл бетіне күміс үн тұнғанындай.  
Арадағы көп жылдар адастырмай,  
Сағынғандар қосылып тұрғанындай.

Дей алмайсың — тоқташы, осы үн қандай?  
Әр жүректің өз мұңы қосылғандай.  
Қайдан білді?  
Құс перзент нені айтты?— деп,  
Біреу күліп, біреулер шошынғандай.

Қай құпия сол кезде шертілмеді,  
Күй лебіне қай жүрек ерітілмеді.  
Өзге түгіл, тордағы құстың өзі  
Ұшып қана кетердей желкілдеді.

Сиқыр дыбыс,  
Қосалқа егізденді,  
Тік шырқады,  
Білмеймін нені іздеді.  
Бізді қойшы,  
Жас бала жалт қарады,  
Әнге қиып ақ бөпе емізгенді.

Бой сергітті,  
Буынды шымырлатты,  
Әр көңілді қытықтап,  
Қыбын тапты.  
Сексендегі ақсақал төрде отырған,  
— Ой-һай, дүние-ай!— деді де, жымың қақты.

Кемпірі де мырс етті,  
Үн шығарды.

Сезбей отыр біздердей тыңшы барды.  
Қутыңдаған шалына шұғыл қарап,  
Оң санынан оңдап бір шымшып алды.

Дәмді шарап кей жігіт тастап отыр,  
Тырнай-тырнай болады-ау бас та қотыр.  
Сезімдері оянған серуеншіл,  
Гитараларын құшақтап жастар отыр.

Керемет қой сұлу ән еңселігі,  
Бойымнан бір тарқады кеңсе жүгі.  
Жұлдыздарды желкеден түйіп өтіп,  
Терезеден қарады жер серігі.

Кейде дыбыс дірілдеп желкілдеді,  
Жел қозғаған айдындай мөлтілдеді.  
О, тәңірім! Сақтай гөр,  
Бұл сұлулық,  
Сақтамасаң ажалсыз өлтіреді.

«Жұмбақтоты» тынбаса күй ақтарып,  
Ән сырғыды жылғалап, бұлақтанып.  
Елестеді көзіме баяғы бір,  
Мен құмартқан «ақ тоты» сияқтанып.

Жасырынған торғайдай денесіне,  
Салып алды ән-күйдің кемесіне.  
Тату күндер қиылып көз тастайды,  
Жауап беріп жанымның елесіне.

Шертпе күйдің шымшыма қағысымен,  
Баяндайды берісін, әрісі мен.  
Тақылдатты таңдайын әлсін-әлі,  
дегендей-ақ:  
— Сен-дағы танысым ең.

Төкпе күйдің телегей шабысымен,  
Теңестірді жақынды алысымен.

Ойланады:

— Ой, алла-ай!— дегендей боп,  
— Неге көңіл сол кезде қалысып ем?

Жігерлі күй лып етпе әдісімен,  
Ұшқыр сезім,  
Ойлы ақыл жарысымен,  
Құлыптаулы құпия сырын ашты,  
Арпалысып өзінің намысымен.

Айтпас па еді?

Ән қайда тұрақтайды?

Беттен қақса бабымен үн ақпайды.

Өкініш пен өтініш қабаттасты,

Айтпас па еді?

Махаббат шыдатпайды,

Ән құлшынды қимастық көркемдеген,

Шақырады шаттыққа көз көрмеген.

Не де болса жақсы екен?

Өлкем кеңіп

Еркем келіп, айықпас дерт емдеген.

Көкірегім құлшынса әнге қарай,

Түсіндім ғой,

Түсіндім мәнге талай.

Сүйіпті ғой,

Ол әлі сүйеді екен,

— Кешір,— дейді,— қатемді әлдеқалай.

Әнші құсты әрлесем,

— Есі бар,— деп,

Жалынбаймын, ей, қалқа, есіңе ал, деп.

Мұнартқанға жасымнан құмартушы ем,

Ар жағында биіктің несі бар деп.

Құстың сыры ешқашан — досты алдамау,  
Тозбасын, деу, махаббат, тосқан жалау.  
Беріктелген беріштер жұмсай берді,  
Жігі батқан жазылды тоқсан жамау.

Ән бе?

Әлде махаббат қалауы ма?  
Бірін мыңға болар ма балауыма?  
Әжем айтқан ертегі еске түсті,  
Тоқсаныншы жеткенде тарауына.

Наз төгілді өзінше қиялдаған,  
Сағыныштың маусымын тия алмаған.  
Айтып жатты өкініш, өтінішін,  
Бала кезде біржола қия алмаған.

Неге алданды?  
Ол неге?  
Кіммен кетті?  
Бәрін, бәрін...  
Қалтқысыз білмек етті.  
Әнмен ғана  
Су сеуіп жатқандай бар,  
Сөндірем, деп,  
Өзекті тілген өртті.

Тоқсан тарау,  
Тоқсан ән сұрыптаған,  
Тетігі айқын.  
Ұмытпаған екен-ау,  
Ұмытпаған,  
Тор ішінде отырған «жұмақтоты»,  
Шынын айтты,  
Талай жыл құлыптаған.

Қоштасқан кез,  
Сұрғылт бұлт, күз еді ғой,

Ол бір бейне,  
«Ақ тоты» қыз еді ғой.  
Қалай ғана кешірмей жүре берем,  
Тоқсаныншы тарауын түзеді ғой.

Қалай ғана көңілім көншімесін,  
Қалай шыдап,  
Сағыныш өршімесін  
— Не дер екен,— дегендей,  
Үнсіз, бейқам,  
Қарай қалды бетіме көршілесім.

Жүйткіп өтті,  
Жастық шақ жас елігі.  
Мұз балқыды,  
Түйіншек тас ереді.  
Сынағандар, тыңдаңдар, шындық осы.  
Кешірілді, кешірімес қателігі.

Емес бәрі жабайы қызық қана,  
Жанға батқан жұмсарды үздік тана.  
Талай жылдар жабулы жүргенінен,  
Қалқып өттім,  
Көз жұмып, жүзіп қана.

## МАЗМҰНЫ

### ЖҮРЕКТЕ СӨНБЕС МӘҢГІ ОТПАР

«Бақытты қызық өмірдің» . . . . .	5
Метрода . . . . .	6
Мәңгілік оты қасында . . . . .	8
Болашақ баспалдағы . . . . .	16
Дала түні . . . . .	17
Парызым . . . . .	19
«Кенші қолым берегей» . . . . .	20
Қамсақты . . . . .	21
«Алғашқы қарды күн сүйіп» . . . . .	22
Махаббатты паш етем . . . . .	23
Арпалыс . . . . .	24
Будапешті көргенде . . . . .	25
Сәкідегі мозаика . . . . .	26
«Жалаңаш дене тас мүсін» . . . . .	28
«Сұрайды кейде достарым» . . . . .	29
«Қуанам жерге гүл ексең» . . . . .	30
«Қанаттымын» . . . . .	31
«Жүз жылың жетпес бір жыл бар» . . . . .	32
«Ақындық пен кеншілік сағы сынбай» . . . . .	33
Шахталасым Василий Рерихке . . . . .	34
Дубосеково . . . . .	36
Дәрігерге . . . . .	37
«Жасқансаң жолда талмаурап» . . . . .	38
Жеңіс күні . . . . .	39
Бауыржан жайлы әңгіме . . . . .	40
Мирас . . . . .	42
Қар еріді . . . . .	43
Ояну . . . . .	44
Жүрек пен кен жарқылы . . . . .	45
Қайдасың . . . . .	46
«Кенші деген ғаламаттар» . . . . .	47
Ақ бидай . . . . .	48

### ТУҒАН ЕЛ ДЕГЕН ҒАЖАЙЫП

Айдарлы . . . . .	51
Туған жер . . . . .	52
Жылқышыға . . . . .	55
Штрек . . . . .	56
Алғыс айттым, Мұқтарға . . . . .	57
Бір алманы екіге бөлмейікші . . . . .	58
Ақ киік . . . . .	59

«Ойнағың келсе толқынмен» . . . . .	60
«Үндемеу де той бұзу» . . . . .	61
«Өзің жоқ есте қалды әурең» . . . . .	62
Жалғызтау . . . . .	63
«Қара жерге бәйтерек» . . . . .	64
«Жаным жалау желкілдейді» . . . . .	65
Саған . . . . .	66
Бүгінгі жазған өлеңдер . . . . .	67

### ҚЫРҒЫЗ ӨУЕНДЕРІ

Егіз ел . . . . .	71
Тебірентеді ақ таулар . . . . .	73
Балдырған . . . . .	74
«Жолығыппыз екеуміз» . . . . .	75
«Ақ қалпақ таулар» . . . . .	76
Қырғыз элегиясы . . . . .	77
«Жасырынба» . . . . .	78
Ән құшағы . . . . .	79
Қызыл қайың . . . . .	80
«Елестеп бейнең өрімтал» . . . . .	81
Қырғыз қызы . . . . .	82
Жанымды қай жерге сақтайын . . . . .	83
«Жырлаймыз, кейде тынбаймыз» . . . . .	84
«Баяғыда өзіңе кейіп едім» . . . . .	85
Әлі күнге . . . . .	86
Арашан бальзам . . . . .	87
Қырғыз досыма . . . . .	88
«Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады» . . . . .	90
«Аспан көрпе емес қой» . . . . .	91
«Ыстық көл ғажап» . . . . .	92
«Қызық қой болашақ» . . . . .	93
«Еліңе қырғыз бауырым» . . . . .	94

### ЖЕТИСУ ӨУЕНДЕРІ

Алатауға . . . . .	97
«Түскендей қолға көктен гүл» . . . . .	98
Ән туады . . . . .	99
«Сабырлысың саспайсың» . . . . .	100
«Сәулем-ау, сәулем деп жүрсем» . . . . .	101
Аққу жеткен . . . . .	102
Оптимизм . . . . .	103
«Кең дала кербез шалқыған» . . . . .	104
«Аулақпын сәулем күдіктен» . . . . .	105
«Күлші бір жаным, күлші бір» . . . . .	106
«Сақтан сұлу» . . . . .	107

Алтын асық . . . . .	108
Текелі . . . . .	109
«Мінезің сенің тамаша» . . . . .	110
Альбомға . . . . .	111
«Жүзің қандай жылы еді» . . . . .	112
Таңдану . . . . .	113
«Келе жатыр, келе жатыр ғашығым» . . . . .	114

### КӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

«Миқы дала сияқты кең жазықтың» . . . . .	117
Үнемі мазасыз іреңім . . . . .	118
Өзгеріс . . . . .	119
«Бір қате жіберсең» . . . . .	121
Аңшыға . . . . .	122
Ауыр ой . . . . .	123
«Ықпал да жанға игілік» . . . . .	125
«Қоштасып ертең қалады ел» . . . . .	126
Айта берші ол жайлы . . . . .	127
«Жақында қане, қол алып» . . . . .	128
Дерт шекпе . . . . .	129
«Серттен тайса» . . . . .	130
«Сен берсең кейде маған ақыл-кеңес» . . . . .	131
Көктем лебі . . . . .	132
Қабақтар бір-біріне шытылмасын . . . . .	133
Қызылжардың аруы . . . . .	134
Ақынның домбырасы . . . . .	135
«Бәйгеге тұлпар кеш қостым» . . . . .	136
Өлеңдер кетті тұншығып . . . . .	137
Күзгі жел . . . . .	138
Ауруханада жазылған өлең . . . . .	140
«Ауылға жетсем асығып» . . . . .	141
«Көрем де өлем» дегенге» . . . . .	142
«Ай жүзіңнен нұр жауар» . . . . .	143
«Талапсыз мақсат жетесіз» . . . . .	144
«Кідірsem өзің жайлы жазбай өлең» . . . . .	145
Дүние . . . . .	146
«Махаббат қайда бұлжымас» . . . . .	147
Домбыра сыры . . . . .	148
«Шын махаббат зор бақыт» . . . . .	149
«Сөйледі сұлу пернелер» . . . . .	150

### КАВКАЗДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

Кавказдағы «Қазақстан» . . . . .	153
Ақын және тау . . . . .	155
Құрбы сөзі . . . . .	156



«Егіліп тұрмын егін деп» . . . . .	157
«Ойнасам да» . . . . .	158
Жұһар . . . . .	159
Кабардин аңызы . . . . .	160
Кабардинка . . . . .	161
«Қара жерге бәйтерек» . . . . .	162
Эльбрусқа қарашы . . . . .	163

### ПОЭМАЛАР

Аққу мен ару . . . . .	167
Тотының тоқсан тарауы . . . . .	178

## Какимбек Салыков ВЕЧНЫЕ ОГНИ, ВЕЧНАЯ ЛЮБОВЬ

Стихи и поэмы

(на казахском языке)

Редактор *У. Есдаулетов*. Художник *Т. Мухатов*.  
Худож. редактор *Р. Слюсарева*. Техн. редактор *Р. Карымсакова*.  
Корректор *Н. Дербисалина*.

ИБ 827

Сдано в набор 15.11.78. Подписано к печати 26.02.79. УГ14172. Формат 70×108<sup>1/32</sup>.  
Бумага тип. № 1. Журнально-рубленая гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 6.  
Усл. п. л. 8,4. Уч.-изд. л. 5,49. Тираж 7000 экз. Заказ № 35. Цена 75 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам  
издательств, полиграфии и книжной торговли,  
г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий  
«Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств,  
полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.